6)	Қарғалы ауданының ішкі істер бөлімі	Бадамша ауылы, Пацаев көшесі, 9		23-6-31	22-8-57
7)	Мәртөк ауданының ішкі істер бөлімі	Мәртөк ауылы, Ленин көшесі, 45		2-14-04	2-14-90
8)	Мұғалжар ауданының ішкі істер бөлімі	Қандыағаш қаласы, Жамбыл көшесі, 74а		3-66-08	3-61-38
9)	Темір ауданының ішкі істер бөлімі	Шұбарқұдық ауылы, Желтоқсан көшесі, 1		2-23-60	2-32-02
10)	Ойыл ауданының ішкі істер бөлімі	Ойыл ауылы, Қойшығұлов көшесі, 42		2-18-98	2-17-17
11)	Қобда ауданының ішкі істер бөлімі	Қобда ауылы, Астана көшесі, 97		2-16-92	2-16-95
12)	Хромтау ауданының ішкі істер бөлімі	Хромтау қаласы, Абай даңғылы, 10		2-12-37	2-16-24
13)	Шалқар ауданының ішкі істер бөлімі	Шалқар қаласы, Есет Көтібарұлы көшесі, 88		2-14-61	2-14-63
5.	Алматы облысының Ішкі істер департаменті	Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 91/95	www.jetisu police.kz	60-02-11, 60-01-54	60-01-15, 60-01-08
1)	Талдықорған қаласының ішкі істер басқармасы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 249		60-86-04	24-42-00
2)	Еңбекшіқазақ ауданының ішкі істер басқармасы	Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 105		4-48-89	4-48-89
3)	Іле ауданының ішкі істер басқармасы	Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі		51-72-14	51-72-14
4)	Қарасай ауданының ішкі істер басқармасы	Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, 90		98-34-22	2-28-06

5)	Талғар ауданының ішкі істер басқармасы	Талғар қаласы, Абылайхан көшесі, 120		295-61-05	295-61-05
6)	Қапшағай қаласының ішкі істер бөлімі	Қапшағай қаласы, Қонаев көшесі, 4		4-17-98	4-10-98
7)	Текелі қаласының ішкі істер бөлімі	Текелі қаласы, Қонаев к-сі, 104		4-51-18	4-51-18
8)	Ақсу ауданының ішкі істер бөлімі	Жансүгіров кенті, Жекебаев көшесі, 104		2-15-95	2-15-95
9)	Алакөл ауданының ішкі істер бөлімі	Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 9		2-12-84	2-22-14
10)	Балқаш ауданының ішкі істер бөлімі	Бақанас ауылы, Сейфуллин көшесі, 1		91-4-01	91-4-01
11)	Ескелді ауданының ішкі істер бөлімі	Қарабұлақ кенті, Оразбеков көшесі, 10		3-01-02	3-01-02
12)	Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі	Ұзынағаш ауылы, Рысқұлов көшесі, 78		2-12-45	2-15-45
13)	Қаратал ауданының ішкі істер бөлімі	Үштөбе қаласы, Төлеби көшесі, 63		2-10-02	2-11-57
14)	Кербұлақ ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, 32		31-8-55	31-8-55
15)	Көксу ауданының ішкі істер бөлімі	Балпық би ауылы, Исабаев көшесі, 122		2-02-18	2-06-46
16)	Панфилов ауданының ішкі істер бөлімі	Жаркент қаласы, Жансүгіров көшесі, 102		5-12-02	5-12-02
17)	Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі	Беген ауылы, Жамбыл көшесі, 9		2-13-98	2-15-59
18)	Сарқанд ауданының ішкі істер бөлімі	Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі, 42		2-10-02	2-11-54
19)	Ұйғыр ауданының ішкі істер бөлімі	Шоңжы ауылы, Исламов көшесі, 51		2-15-97	2-15-97
6.	Атырау облысының		www.dvd-atyrau.kz	98-21-17, 98-20-57	98-20-33

	Ішкі істер департаменті	Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 85			
1)	Атырау қаласының ішкі істер басқармасы	Атырау қаласы, Молдағұлова көшесі, 247		98-15-72	98-15-14
2)	Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі	Құлсары қаласы, Дүйсенбеков көшесі, 54		5-17-22	5-17-22
3)	Индер ауданының ішкі істер бөлімі	Индер кенті, Нысанбаев көшесі, 9		2-13-65	2-13-65
4)	Исатай ауданының ішкі істер бөлімі	Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан, көшесі, 11		2-02-02	2-06-97
5)	Қызылқоға ауданының ішкі істер бөлімі	Миялы ауылы, Абай көшесі, 8		2-12-06	2-12-01
6)	Құрманғазы ауданының ішкі істер бөлімі	Ганюшкино ауылы, Абай көшесі, 37		2-11-89	2-11-20
7)	Мақат ауданының ішкі істер бөлімі	Мақат ауылы, Газовик көшесі, 13		3-09-60	3-09-60
8)	Махамбет ауданының ішкі істер бөлімі	Махамбет ауылы, Абай көшесі, 13		2-23-67	2-23-67
7.	Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 1	http://02vko.kz	23-43-17, 23-42-11, 23-43-21	23-42-72, 23-43-75
1)	Өскемен қаласының ішкі істер басқармасы	Өскемен қаласы, Пролетарская көшесі, 152		23-27-11, 23-27-12, 23-26-22	23-27-25, 23-27-86, 23-27-16
2)	Семей қаласының ішкі істер басқармасы	Семей қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 17		56-97-56	56-93-90
3)	Аягөз қаласының және Аягөз ауданының ішкі істер бөлімі	Аягөз қаласы, Тәніберген көшесі, 68		3-33-43, 3-14-88	3-33-43, 3-14-88
4)	Зырян қаласының			4-19-31, 3-10-08	

	және Зырян ауданының ішкі істер бөлімі	Зырян қаласы, Горький көшесі, 34			4-19-31, 3-10-08
5)	Риддер қаласының ішкі істер бөлімі	Риддер қаласы, Тоқтаров көшесі, 8		4-47-41, 4-22-50	4-52-13
6)	А б а й ауданының ішкі істер бөлімі	Қарауыл ауылы, Молдағалиев, 13		9-13-26	9-13-26
7)	Бесқарағай ауданының ішкі істер бөлімі	Бесқарағай ауылы, Әуезов көшесі, 45		9-14-63, 9-18-61	9-14-63, 9-18-61
8)	Бородулиха ауданының ішкі істер бөлімі	Бородулиха ауылы, Бейбітшілік даңғылы, 16		2-10-27	2-15-63
9)	Глубокое ауданының ішкі істер бөлімі	Глубокое ауылы, Попович көшесі, 44		2-18-80, 2-26-77	2-29-75
10)	Ж а р м а ауданының ішкі істер бөлімі	Қалбатау ауылы, Бабатайұлы көшесі, 36		6-57-54	2-66-40
11)	З а й с а н ауданының ішкі істер бөлімі	Зайсан қаласы, Сәтпаев көшесі, 14		2-12-02, 2-13-06	2-12-02, 2-13-06
12)	Катон-Қарағай ауданының ішкі істер бөлімі	Үлкен Нарын ауылы, Абай көшесі, 1		2-13-02	2-13-02
13)	Көкпекті ауданының ішкі істер бөлімі	Көкпекті ауылы, Астана көшесі, 33		2-17-94, 2-19-49	2-17-94, 2-19-49
14)	Күршім ауданының ішкі істер бөлімі	Күршім ауылы, Новая көшесі, 10		3-17-76, 3-21-58	3-17-76, 3-21-58
15)	Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі	Ақсуат ауылы, Қабанбай көшесі, 1		2-18-03	2-18-03
16)	Ұ л а н ауданының ішкі істер бөлімі	Молодежное кенті, 5-үй		2-74-33	2-74-33
17)	Ү р ж а р ауданының ішкі істер бөлімі	Үржар ауылы, Абылайхан көшесі, 171		2-10-02	2-10-02
18)	Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі	Шемонаиха қаласы, Интернациональная көшесі, 2		2-15-66	2-15-71
19)	Курчатов қаласының полиция бөлімі	Курчатов қаласы, Абай көшесі, 10		2-55-01	2-37-82

8.	Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті	Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80	www.tarazpolice.kz	43-39-44	43-33-72
1)	Тараз қаласының ішкі істер басқармасы	Тараз қаласы, Рысбек батыр көшесі, 5а		34-36-23	34-36-23
2)	Байзақ ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыкемер ауылы, Орынқұлов, 9а		2-10-81	2-16-80
3)	Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі	Аса ауылы, Төле би көшесі, 178		2-15-63	2-15-63
4)	Жуалы ауданының ішкі істер бөлімі	Б. Момышұлы ауылы, Рысбек батыр, 84		2-16-20	2-16-20
5)	Қордай ауданының ішкі істер бөлімі	Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 326		2-20-02	2-20-02
6)	Мерке ауданының ішкі істер бөлімі	Мерке ауылы, Ысмайылов көшесі, 230		2-25-40	2-49-30
7)	Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі	Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 69		2-44-45	2-44-45
8)	Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңатас қаласы, Әулие ата көшесі, 3		6-29-13	6-32-70
9)	Талас ауданының ішкі істер бөлімі	Қаратау қаласы, Қонаев көшесі, 20		6-27-14	6-27-14
10)	Тұрар Рысқұлов ауданының ішкі істер бөлімі	Кұлпан ауылы, Жібек жолы көшесі, 57		2-14-50	2-14-50
11)	Шу ауданының ішкі істер бөлімі	Шу қаласы, Сәтпаев көшесі, 130		2-48-02	2-48-02
9.	Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Орал қаласы, Пугачев көшесі, 45	www.dvdzko.kz	98-40-30	98-40-14
1)	Орал қаласының ішкі істер басқармасы	Орал қаласы, Космическая көшесі, 10		92-18-33	92-18-14
2)	Ақжайық ауданының ішкі істер бөлімі	Чапаев кенті, Қазақстан көшесі, 71		91-2-02	91-0-66

3)	Бөкейорда ауданының ішкі істер бөлімі	Сайқын кенті, Әбілқайыр хан көшесі, 21		21-5-68	21-5-61
4)	Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі	Ақсай қаласы, 2-шағын аудан, 28		9-39-17	9-39-46
5)	Жаңақала ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңақала кенті, Халық Достығы көшесі, 53		2-19-20	2-19-21
6)	Жәнібек ауданының ішкі істер бөлімі	Жәнібек ауылы, Қазақстан көшесі, 45		21-5-03	21-1-05
7)	Зеленов ауданының ішкі істер бөлімі	Переметное кенті, Достық көшесі, 64		22-0-02	22-2-61
8)	Казталов ауданының ішкі істер бөлімі	Казталовка кенті, С.Датов көшесі, 21		31-0-08	31-1-02
9)	Қаратөбе ауданының ішкі істер бөлімі	Қаратөбе кенті, С.Датов көшесі, 16		31-3-25	31-7-02
10)	Сырым ауданының ішкі істер бөлімі	Сырым кенті, Қазақстан көшесі, 7		31-1-37	21-5-45
11)	Тасқала ауданының ішкі істер бөлімі	Тасқала кенті, Мирная көшесі, 9		21-1-86	21-8-45
12)	Теректі ауданының ішкі істер бөлімі	Федоровка ауылы, Юбилейный көшесі н/з		23-2-66	21-1-86
13)	Шыңғырлау ауданының ішкі істер бөлімі	Шыңғырлау кенті, Қазақстан көшесі, 7		33-6-39	33-2-39
10)	Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті	Қарағанды қаласы, Ерубав көшесі, 37	www.krgdvd.kz	42-90-19, 42-91-69	40-70-18, 44-20-54, 40-71-22
1)	Қарағанды қаласының ішкі істер басқармасы	Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 118		40-71-97	56-42-51, 74-22-56, 44-51-69, 46-30-31, 24-45-33, 53-03-05
2)	Жезқазған қаласының ішкі істер басқармасы	Жезқазған қаласы, Сейфулин көшесі, 35		76-13-68	76-43-98
3)	Теміртау қаласының ішкі істер басқармасы	Теміртау қаласы, Мичурин көшесі, 8		98-43-15	5-43-15

4)	Абай ауданының ішкі істер басқармасы	Абай қаласы, К. Маркс көшесі, 42а		4-46-66	4-46-66
5)	Бұхар жырау ауданының ішкі істер басқармасы	Ботақара кенті, Бұхар жырау көшесі, 4		2-11-78	2-16-55
6)	Балқаш қаласының ішкі істер бөлімі	Балқаш қаласы, Бөкейхан көшесі, 22		4-03-72	4-46-72
7)	Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі	Қаражал қаласы, Тойымбеков көшесі, 8		4-16-30	4-16-30
8)	Саран қаласының ішкі істер бөлімі	Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 60		2-52-02	2-67-12
9)	Сәтпаев қаласының ішкі істер бөлімі	Сәтпаев қаласы Абай көшесі, 6а		3-44-83	2-31-63
10)	Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі	Шахтинск қаласы, К. Маркс көшесі, 42а		4-04-07	4-23-70
11)	Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі	Ақтоғай кенті, Абай көшесі, 3		2-16-90	2-16-90
12)	Жаңаарқа ауданының ішкі істер бөлімі	Атасу кенті, Тәуелсіздік көшесі, 10		2-64-70	2-64-70
13)	Қарқаралы ауданының ішкі істер бөлімі	Қарқаралы қаласы, М. Әуезов көшесі, 31		3-12-02	3-10-86
14)	Нұра ауданының ішкі істер бөлімі	Киевка кенті, Талжанов көшесі, 5		2-12-88	2-29-01
15)	Осакаров ауданының ішкі істер бөлімі	Осакаровка кенті, Литвинов көшесі, 9		4-16-55	4-13-82
16)	Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімі	Ұлытау ауылы, Бұлқышев көшесі, 18		2-11-02	2-11-02
17)	Шет ауданының ішкі істер бөлімі	Ақсу-Аюлы кенті, Шортанбай көшесі, 16		2-12-02	2-12-02
11)	Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті	Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, 18	www.dvdkzo.kz	27-44-10	29-56-97
	Қызылорда қаласының ішкі				

1) істер басқармасы	Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 136		27-45-47	29-71-10
2) Арал ауданының ішкі істер бөлімі	Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 27		2-10-01	2-21-02
3) Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 1		3-16-92	3-10-82
4) Жаңақорған ауданының ішкі істер бөлімі	Жаңақорған кенті, Қожанов көшесі, 1		24-1-25	24-1-03
5) Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі	Әйтеке би кенті, Біржан сал көшесі, 86		2-16-40	2-14-93
6) Қармақшы ауданының ішкі істер бөлімі	Жосалы кенті, Көшербаев көшесі, 39		2-10-03	2-11-81
7) Сырдария ауданының ішкі істер бөлімі	Тереңөзек кенті, Амангелді көшесі, 47		21-2-82	3-10-87
8) Шиелі ауданының ішкі істер бөлімі	Шиелі кенті, М.Шоқай көшесі, 7		4-21-60	4-20-56
12) Қостанай облысының Ішкі істер департаменті	Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 197	www.kostanay police.kz	52-60-19, 52-63-13	52-61-47
1) Арқалық қаласының ішкі істер басқармасы	Арқалық қаласы, Байтұрсынов көшесі, 16		7-10-17	7-27-45
2) Жітіқара қаласының және Жітіқара ауданының ішкі істер бөлімі	Жітіқара қаласы, 5 в-шағын ауданы, 18		2-09-09	2-09-22
3) Қостанай қаласының ішкі істер басқармасы	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 36		52-68-00	52-68-37
4) Лисаковск қаласының ішкі істер бөлімі	Лисаковск қаласы, 1-а шағын ауданы		3-38-51	3-48-07
5) Рудный қаласының ішкі істер бөлімі	Рудный қаласы, Горняк көшесі, 7		4-55-10	2-84-39
6) Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі	Силантьевка кенті, Ленин көшесі, 51		2-12-55	2-15-13

7)	Амангелді ауданының ішкі істер бөлімі	Амангелді кенті, Дүйсенбин көшесі, 16		2-11-33	2-11-33
8)	Әуликөл ауданының ішкі істер бөлімі	Әуликөл ауылы, Ленин көшесі, 34		2-10-35	2-10-38
9)	Денисов ауданының ішкі істер бөлімі	Денисовка кенті, Ленин көшесі, 16		9-11-72	9-17-51
10)	Жангелдин ауданы ішкі істер бөлімі	Торғай кенті, Алтынсарин көшесі, 7		2-14-00	2-14-00
11)	Қамысты ауданының ішкі істер бөлімі	Қамысты кенті, Ержанов көшесі, 87		2-14-01	2-20-55
12)	Қарабалық ауданының ішкі істер бөлімі	Қарабалық кенті, Нечепуренко көшесі, 3		3-30-33	3-38-53
13)	Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі	Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 80		2-12-68	2-18-42
14)	Қостанай ауданының ішкі істер бөлімі	Затобольск кенті, Калинин көшесі, 78		2-31-61	2-31-62
15)	Меңдіқара ауданының ішкі істер бөлімі	Боровское кенті, Ленин көшесі, 7		2-13-97	2-15-39
16)	Наурызым ауданының ішкі істер бөлімі	Қараменді кенті, Абылайхан көшесі, 24		2-14-45	2-14-45
17)	Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі	Сарыкөл кенті, Пушкин көшесі, 102		2-13-68	2-18-22
18)	Таран ауданының ішкі істер бөлімі	Таран ауылы, Советская көшесі, 10		3-61-01	3-61-01
19)	Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі	Ұзынкөл ауылы, Абылайхан көшесі, 34		2-15-53	2-12-03
20)	Федоров ауданының ішкі істер бөлімі	Федоров ауылы, Ленин көшесі, 10		2-24-67	2-11-87
13	Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті	Ақтау қаласы, 12-шағын аудан	www.mdvd.kz	43-08-76	53-23-64, 53-23-55
	Ақтау қаласының ішкі				

1)	істер басқармасы	Ақтау қаласы, 3-шағын ауданы, 123		47-48-79	47-48-89
2)	Жаңаөзен қаласының ішкі істер бөлімі	Жаңаөзен қаласы, Спорт көшесі, 6		31-5-85	31-3-59
3)	Бейнеу ауданының ішкі істер бөлімі	Бейнеу кенті, Досан батыр көшесі, 2		2-25-89	2-25-89
4)	Қарақия ауданының ішкі істер бөлімі	Құрық кенті, 1-шағын ауданы, 1		21-2-99	21-2-77
5)	Маңғыстау ауданының ішкі істер бөлімі	Шетпе кенті, Б. Момышұлы көшесі, 15		21-2-48	21-4-00
6)	Мұнайлы ауданының ішкі істер бөлімі	Мұнайлы кенті, Рысқұлов көшесі, 11		46-63-73	46-63-87
7)	Түпқараған ауданының ішкі істер бөлімі	Форт-Шевченко қаласы, Оңалбаев көшесі, 4		22-7-54	22-4-64
14	Павлодар облысының Ішкі істер департаменті	Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 70/1	www.dvdpavlodar.kz	3 2 - 0 4 - 5 2 , 39-11-15	39-11-75
1)	Павлодар қаласының ішкі істер басқармасы	Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 51/1		32-76-81, 32-81-92	37-76-35, 32-69-54
2)	Ақсу қаласының ішкі істер бөлімі	Ақсу қаласы, Дөнентаев көшесі, 5		39-19-02, 39-19-01	39-19-02
3)	Екібастұз қаласының ішкі істер бөлімі	Екібастұз қаласы, Ленин көшесі, 95		34-09-27	34-91-42
4)	Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі	Ақтоғай ауылы, Қайырбаев көшесі, 48		2-12-87, 39-19-06	21-4-54
5)	Баянауыл ауданының ішкі істер бөлімі	Баянауыл ауылы, Сәтпаев көшесі, 28		9-12-53	9-12-53
6)	Железин ауданының ішкі істер бөлімі	Железин ауылы, Пушкин көшесі, 9		39-19-10	39-19-10
7)	Ертіс ауданының ішкі істер бөлімі	Ертіс ауылы, Ысқақов көшесі, 95		2-13-41	39-19-12
8)	Қашыр ауданының ішкі істер бөлімі	Тереңкөл ауылы, Сейфулин көшесі, 58		21-2-05	21-2-02

9)	Лебяжі ауданының ішкі істер бөлімі	Акку ауылы, Амангелді көшесі, 69		39-19-15	2-15-79
10)	Май ауданының ішкі істер бөлімі	Көктөбе ауылы, Абылайхан, 43		39-19-17	39-19-18
11)	Павлодар ауданының ішкі істер бөлімі	Павлодар қаласы, Суворов көшесі, 20		39-19-20	39-19-19
12)	Успенск ауданының ішкі істер бөлімі	Успенск ауылы, Терешкова көшесі, 30		39-19-22, 91-7-02, 92-7-02	91-9-67
13)	Шарбақты ауданының ішкі істер бөлімі	Шарбақты ауылы, Совет көшесі, 59		39-19-24	39-19-23
15)	Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 51	www.police.sko.kz	39-40-20, 39-41-63	39-42-89
1)	Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы	Петропавл қаласы, М.Жұмабаев көшесі, 118		39-48-39, 39-48-28	39-48-66
2)	Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі	Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 24		39-21-03	39-21-03
3)	Ақжар ауданының ішкі істер бөлімі	Талшық ауылы, Абылай хан көшесі, 9		39-20-97, 2-15-72	2-15-72
4)	Аққайың ауданының ішкі істер бөлімі	Смирнов кенті, Труд көшесі, 6		39-20-98	39-20-98
5)	Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның ішкі істер бөлімі	Новошимский ауылы, Әуелбеков көшесі, 54		39-21-09	39-21-09
6)	Есіл ауданының ішкі істер бөлімі	Явленка ауылы, Ибраев көшесі, 3		39-21-01, 2-13-90	2-13-90
7)	Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі	Пресновка ауылы, Достық көшесі, 17		39-21-02, 2-14-35	2-14-35
8)	Қызылжар ауданының ішкі істер бөлімі	Бескөл кенті, Гагарин көшесі, 8		39-13-14, 2-10-32	2-10-32
9)	М. Жұмабаев ауданының ішкі істер бөлімі	Булаево кенті, Юбилейная көшесі, 54		39-20-99, 2-11-63	2-11-63

10)	Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі	Мамлютка кенті, Ленин көшесі, 3/45		39-21-04	39-21-04
11)	Тайынша ауданының ішкі істер бөлімі	Тайынша кенті, Центральный тұйық көшесі, 20		39-21-06	39-21-06
12)	Тимирязев ауданының ішкі істер бөлімі	Тимирязево кенті, Плетнева көшесі, 15		39-21-07	39-21-07
13)	Уәлиханов ауданының ішкі істер бөлімі	Кішкенекөл кенті, Ш. Уәлиханов көшесі, 88		39-21-08	39-21-08
14)	Шал ақын ауданының ішкі істер бөлімі	Сергеевка кенті, Шал ақын көшесі, 14		39-21-05, 2-09-10	2-09-10
16)	Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 13	www.dvd-uko.kz	97-66-26, 97-65-85, 97-65-90	97-67-41, 97-65-49
1)	Түркістан қаласының ішкі істер басқармасы	Түркістан қаласы, Ерубаев көшесі, н/з		4-15-02	4-12-73
2)	Шымкент қаласының ішкі істер басқармасы, Енбекші ауданының ПБ, А б а й ауданының ПБ, Әл-Фараби ауданының ПБ	Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 5, Желтоқсан көшесі, 3, Елшібек батыр көшесі, 110А		56-02-61, 97-64-13, 57-27-50, 98-06-21	98-07-42, 97-64-38, 98-06-31
3)	Мақтаарал ауданының ішкі істер басқармасы	Жетісай қаласы, Өуезов көшесі, н/з		6-70-20	6-70-20
4)	С ай р а м ауданының ішкі істер басқармасы	Ақсукеңт қаласы, Жібек жолыкөшесі, н/з.		2-12-90	2-12-90
5)	Сарыағаш ауданының ішкі істер басқармасы	Сарыағаш қаласы, Тасбалтаев көшесі, 39		2-15-73	2-15-73
6)	К е н т а у қаласының ішкі істер бөлімі	Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 29		3-34-61	3-34-61

7)	Арыс ауданының ішкі істер бөлімі	Арыс қаласы, Аймауытов көшесі, 35		2-14-02	2-14-02
8)	Бәйдібек ауданының ішкі істер бөлімі	Шаян ауылы, Бәйдібек көшесі, н/з		2-10-76	2-10-76
9)	Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі	Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/з.		2-12-46	2-12-46
10)	Ордабасы ауданының ішкі істер бөлімі	Темірлан ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 3		2-14-13	2-14-13
11)	Отырар ауданының ішкі істер бөлімі	Шәуілдір ауылы, Сәрсенбаев көшесі, 5		2-12-59	2-12-59
12)	Созақ ауданының ішкі істер бөлімі	Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 75		4-14-02	4-14-02
13)	Төле би ауданының ішкі істер бөлімі	Леңгір қаласы, Жамбыл көшесі, н/з		6-16-02	6-16-02
14)	Түлкібас ауданының ішкі істер бөлімі	Т.Рысқұлов ауылы, Рысқұлов көшесі, 198		5-18-14	5-18-14
15)	Шардара ауданының ішкі істер бөлімі	Шардара кенті, Б. Момышұлы көшесі, 16		2-23-82	2-23-82

«Қазақстан Республикасының азаматтарын тұлғалықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару» мемлекеттік қызмет стандарты
3-қосымша

Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің алдағы жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақтылылығы			
1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)	100		
2. Сапасы			
2. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)	100		
3. Қолжетімділігі			

3. Қызмет көрсету сапасына және оның тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)	100		
4. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)	100		
4. Шағымдану үдерісі			
5. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)	100		
5. Сыпайылық			
6. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)	100		

«Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару» мемлекеттік қызмет стандартына 4-қосымша

Ескерту. Стандарт 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1788 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Э л е к т р о н д ы қ н ы с а н

(ішкі істер органының атауы)
б а с т ы ғ ы

(тұрақты тіркелген тұратын мекенжайы)
азамат

(Т.А.Ә.)

ӨТІНІШ

Мен, _____ (Т.А.Ә., туған күні)

(ресімдеу себебі көрсетілсін)

байланысты Сізден тұратын мекенжайым бойынша:

тіркеу есебінен шығаруға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Ө т і н і ш к е :

- 1) _____
- 2) _____

3) _____
4) _____
5) _____
6) _____ қоса беріледі.
20 ____ ж.» ____ » _____

(азаматтың қолы) (азаматтың Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2009 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 2121 қаулысымен
бекітілген

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу)» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу)» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, № 8-үй, 13-кіреберіс, 955-кабинет мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі мен құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – Комитет) және мекенжайлары осы стандарттың 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген аумақтық әділет органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (бұдан әрі - орталық), сондай-ақ өтініш берушіде электрондық цифрлық қолтаңбасы болса (бұдан әрі - ЭЦҚ) баламалы негізде www.e.gov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) а р қ ы л ы к ө р с е т е д і .

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді (қайта тіркеу) тиісті облыста (Комитетте тіркелуге және қайта тіркелуге жататындардан басқалары) уәкілетті орган орталық арқылы жүзеге асырады.

Банктерді, республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық

бірлестіктерді (оның ішінде барлық саяси партияларды), сондай-ақ шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдардың филиалдары және өкілдіктерін, республикалық және аймақтық мәртебесі бар діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) Комитет жүзеге асырады.

Өтініш берушіде ЭЦҚ болған жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу портал арқылы жүргізіледі.

Шалғай елді мекендердің тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті Мобилдік орталықтар арқылы көрсетуге жол беріледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызметтер 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабының, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 3-бабының, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-баптарының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.minjust.kz интернет-ресурсының «Ақпараттық құжаттар» бөлімінде;

2) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынының (бұдан әрі – «Орталық» РМК) www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) порталда;

4) ресми ақпарат көздерінде және осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес орталықтардың үй-жайларындағы стенділерде орналастырылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының (1414) телефон нөмірі бойынша алуға болады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

1) Комитетте және орталықта осы стандартқа 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірі бар заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру немесе қағаз жеткізгіштердегі бас тарту жүзеге асырылады.

2) порталдың «жеке кабинетіне» шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама немесе уәкілетті органның мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді электронды нысандағы уәкілетті органның ЭЦҚ расталған жауабы жолданады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487 қаулысымен.

6. Мемлекеттік қызмет олардың құрылу мақсатына, түріне және қызметінің

сипатына, қатысушыларының (мүшелерінің) құрамына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын барлық заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса беріп (құжаттарды қабылдау және беру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді), өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс ;

саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсынады).

Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік (есептік) тіркеудің (қайта тіркеудің) көрсетілген мерзімдеріне салық органдарында тіркеу мерзімдері кірмейді .

Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу хабарлама тәртібімен жүзеге асырылады және портал арқылы бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі .

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлей отырып, порталда электрондық құжат нысанында толтыру арқылы хабарлама береді.

2) құжаттарды тапсырған кезде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты (мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін өтініш беру) 20 минуттан аспайды;

3) өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

4) дайын құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487 қаулысымен .

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде қолма-қол ақшалай және (немесе) қолма-қол ақшасыз көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін тіркеу алымы белгіленген. Тіркеу алымының сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінде белгіленген ставкалармен есептеледі және салық салу объектісінің тіркеу орны бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті алуға электронды сұраныс ұсынылған жағдайда, алым «электронды үкімет» төлем шлюзы (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі.

1) Комитетте:

Комитетте Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұма, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін құжаттарды күн сайын қабылдауды қамтамасыз ететін кесте белгіленеді.

Қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

2) орталықта:

орталықтарда құжаттарды қабылдау күн сайын жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, еңбек заңнамасына сай белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау «электронды» кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Мобильді орталықтар құжаттарды қабылдауды орталық бекіткен кестеге сәйкес, бірақ бір елді мекенде кем дегенде алты жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады.

3) порталда - тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаның тұрған жері бойынша орталықтың үй-жайында көрсетіледі, онда анықтамалық бюро, күтуге арналған кресло, өтініштердің толтырылған бланкі үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасады, мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жағдайлар көзделген.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар Комитетке және орталыққа мынадай құжаттарды:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген нысандағы өтінішті ;

2) заңды тұлғаның жарғысын немесе ережесін (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) не филиалдың немесе өкілдіктің ережесін;

3) жиналыс (конференция, съезд) төрағасы мен хатшысы қол қойған, жарғыны қабылдаған құрылтай жиналысының (қоғамдық және діни бірлестіктер үшін – конференция, съезд) хаттамасын;

4) бастамашыл-азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, туған жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты мекенжайы, үй және қызмет телефондары, жеке қолтаңбасы көрсетілген тізімін (қоғамдық және діни бірлестіктер үшін);

5) басқару органы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, сайланбалы лауазымы, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, үй және қызмет телефондары көрсетілген тізімін (діни бірлестіктер үшін);

6) заңды тұлғаның уәкілетті органының не құрылтайшының заңды тұлғаны құру туралы шешімін;

7) діни ілімнің пайда болу тарихы мен негіздерін ашып көрсететін және оған сәйкес келетін діни қызмет туралы мәліметтер қамтылатын діни баспа материалдары (діни бірлестіктер үшін);

8) бюджетке тіркеу алымы сомасының төленгенін растайтын түбіртектері немесе құжатын;

9) заңды тұлға басшысының және құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке сәйкестендіру нөмірі) (шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздар иелерінің тізілімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестері құрылтайшыларының құжаттарын қоспағанда) ұсынады.

Ұйымдық-құқықтық нысаны мен заңды тұлғаны, филиалдарды, өкілдіктерді тіркеу түріне байланысты құжаттар тізбесі осы тармаққа сәйкес ұсынылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғалар туралы мәліметтерді әділет органдары Ұлттық Банк жолдаған хабарламалар негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаны

мемлекеттік тіркеу үшін Ұлттық Банктің рұқсаты қосымша талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын және олармен аффилиирленген тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган тіркеуші органдарға тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің тізілімін және мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және монополияға қарсы органның келісімімен құрылған және олармен аффилиирленген тұлғалардың тізбесін ұ с ы н а д ы .

Орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Ұлттық Банк жалғыз құрылтайшы болып табылатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және оны орталықтарға береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса отырып, құрылтайшы (құрылтайшылар) не осыған уәкілеттік берілген адам қол қояды және оны орталықтарға береді.

Мемлекеттік кәсіпорын филиал құрған жағдайда меншік иесінің немесе олар уәкілеттік берген органның филиалды құруға келісімі туралы құжаты т а п с ы р ы л у ы қ а ж е т .

Филиал немесе өкілдік ашу туралы шешім мен оның басшысына сенімхат бір құжат ретінде ресімделуі мүмкін. Филиалдың басшысына берілген сенімхат қоғамдық бірлестіктің және діни бірлестіктің филиалын (өкілдігін) тіркеген кезде оны сайлауға немесе тағайындау тәртібіне сәйкес табыс етілмеуі мүмкін.

С а я с и п а р т и я л а р қ о с ы м ш а :

1) п а р т и я б а ғ д а р л а м а с ы н ;

2) тегі, аты, әкесінің аты, туған айы мен жылы, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі, тұрғылықты жерінің

мекенжайлары көрсетіле отырып, партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы әрқайсысында кемінде алты жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктерді) білдіретін, құрамында кемінде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс партия мүшелерінің тізімдерін ұсынады.

Тұтыну кооперативтері азаматтар үшін – осы кооперативтер мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты жері, заңды тұлғалар үшін - тұрған жері, банк реквизиттері туралы және мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер көрсетілген тізімді ұсынады.

Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері тегін, атын, әкесінің атын, тұрғылықты жерін және жеке басын куәландыратын құжат деректерін (жеке сәйкестендіру нөмірін), кооператив мүшелерінің тізімін, сондай-ақ бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, заңды тұлғалардың атауы мен тұрған жері көрсетілген тізімін, сондай-ақ су пайдаланушылардың кооперативі мүшелерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің болуы туралы мәліметтерді қосымша ұсынады.

Тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативтері осы кооперативтер мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі және тұрғылықты жері көрсетілген тізімді де ұсынады.

Қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсаты қосымша талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерін мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен уәкілетті орган жүзеге асырады; табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Шетелдік қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қ о с ы м ш а :

1) құрылтайшы – шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

2) қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының нотариат куәландырған көшірмесі немесе жеке

басын куәландыратын басқа да құжат ұсынылуға тиіс.

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, көзделген құжаттардан басқа, филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын шетелдік заңды тұлғаның сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесін немесе басқа да заңдастырылған құжатты, сондай-ақ салықтық тіркеу нөмірін (немесе оның аналогын) көрсетіп шетелдік заңды тұлғаның инкорпорация елінде салық тіркеуін растайтын құжатын қосымша ұсынуға тиіс.

Филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариалды түрде куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармамен ұсынылады.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған құрылтай құжаттары байланған және нөмірленген түрінде, үш данада тапсырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта тіркеуге жатады.

Бұл ретте, уәкілетті органға орталық арқылы мынадай құжаттар:

1) белгіленген нысандағы өтініш;
2) заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен құрылтай құжаттарының (ережесінің) үш данасы;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның бұрынғы құрылтай құжаттарының, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерінің төлнұсқалары;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркегені үшін тіркеу алымы сомасын бюджетке төлегенін растайтын түбіртегі немесе өзге құжаты тапсырылады.

Заңды тұлғаға қатысушылар (акционерлік қоғамның акционерлері) құрамына жаңа қатысушы-заңды тұлға кірген жағдайда, тіркеуші органға құрылтай құжаттармен бірге жаңа қатысушының - заңды тұлғаның салық берешегінің жоқ

екендігі (бар екендігі) туралы салық органының анықтамасы табыс етіледі.

Шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша шаруашылық серіктестіктерін қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының, мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) немесе басқаға ауысқанын растайтын құжат ұсынылады.

Егер шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (біреуге беру) шартының тарапы жеке тұлға болып табылатын жағдайда, жеке тұлға қолының төлнұсқалылығы нотариаттық куәландырылуы т и і с .

Табиғи монополия субъектілерін қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі; тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап е т і л е д і .

Филиалдар мен өкілдіктер атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеуге жатады.

Осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген құжат туралы мәліметтерді уәкілетті орган немесе орталық уәкілетті органның ЭЦҚ куәландырылған электронды құжат нысанында тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйе порталы немесе орталықтың ақпараттық жүйесі арқылы алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органның немесе орталықтың қызметкері осы тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген құжатты уәкілетті органның мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мәліметтермен салыстырып, содан кейін осы құжаттарды мемлекеттік қызметті алушыға қ а й т а р а д ы .

Порталда шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаны электрондық тіркеуді алған кезде өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7)

тармақшаларында көрсетілген құжаттардың электронды көшірмелері түрінде электронды сұрау салуға қоса тіркеледі.

Мемлекеттік қызмет алушының қалауы бойынша бюджетке тіркеу алымын төлегенін растайтын түбіртек немесе құжат ЭҮТШ арқылы төленеді, бұл ретте осы тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген құжат электронды сұрау салуға қоса тіркелмейді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487 қаулысымен .

12. Орталықтарда бланкілер күту залындағы арнайы тағанда не орталықтың консультанттарында, сондай-ақ «Орталық» РМК-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында болады.

13. Орталықтарда құжаттарды қабылдау операциялық залда «кедергісіз» қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Орталықтардың мекенжайлары осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген. Порталға жүгінген кезде электрондық сұрау салуды жіберу өтініш берушінің «жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырылады. Сұрау салу автоматты түрде таңдап алынған қызметке сәйкес уәкілетті орган мекенжайына жіберіледі.

14. Орталықтарда құжаттарды қабылдау кезінде мемлекеттік қызметті алушыға мына :

- 1) сұрау салудың нөмірі және қабылданған күні;
- 2) сұралып отырған мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- 4) құжаттар берілетін күн, уақыты және орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты ;

6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетілген тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметтің нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетілген сұрау салудың қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Орталықта мемлекеттік қызметті алушыға дауын құжаттарды беруді орталықтың қызметкері «терезе» арқылы мерзімі көрсетілген қолхат негізінде күн сайын жүзеге асырады.

Егер алушы құжаттарды алуға мерзімінде хабарласпаған жағдайда, орталық олардың бір ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, содан кейін оларды уәкілетті органдарға береді.

16. Мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін ұсынбаған жағдайда орталық құжаттарды қабылдаудан бас

т а р т а д ы .

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде орталықтың қызметкері мемлекеттік қызмет алушыға жетіспейтін құжаттар көрсетілген қолхат береді.

Комитет пен уәкілетті органдар мынадай:

1) заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылған, құрылтай құжаттарын Қазақстан Республикасының заңына сәйкес к е л м е г е н ;

2) тапсыру актісін немесе бөліну балансын ұсынбаған не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер б о л м а ғ а н ;

3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) іс-әрекет етпейтін заңды тұлға болып табылған;

4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылған, және (немесе) қайтыс болды деп жарияланған, және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216 және 217-баптары бойынша қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болған;

5) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұ с ы н ғ а н ;

б) сот актілері және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартады.

Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартудың қосымша негіздері «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген филиалды (өкілдікті) құру тәртібі бұзылған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

Осы бапта көзделген мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тарту негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға қ о л д а н ы л м а й д ы .

Комитет және уәкілетті орган құжаттар пакеті толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажеттігі туындаған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша анықталған кемшіліктер жойылғанша немесе тиісті қорытындыны (сараптаманы) алғанша заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) мерзімін т о қ т а т а д ы .

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487 қаулысымен.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитет, уәкілетті органдар мен орталықтар басшылыққа алатын жұмыстың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) з а ң д ы л ы қ ;
- 2) с ы п а й ы л ы қ ;
- 3) азаматтардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
- 4) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 5) мемлекеттік қызметтің сапалылығы мен уақытында ұсынылуы;
- 6) мемлекеттік қызмет алушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік қызмет алушының уақытында алмаған құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Комитеттің, уәкілетті органдардың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағым беру тәртібі

20. Іс-әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) шағым беру және шағымды дайындауға жәрдем көрсету тәртібі туралы түсінік алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органға жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті алушы орталыққа немесе портал арқылы жүгінген кезде орталық инспекторының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру тәртібі туралы ақпарат call-орталығының телефон нөмірі (1414) бойынша не осы

стандартқа 2-қосымшада көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ұ с ы н ы л а д ы .

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті органдар басшысының атына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін беріледі. Уәкілетті орган басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

22. Орталық қызметкерлері тиісті деңгейде қызмет көрсетпеген жағдайда шағым орталықтың немесе Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Орталық» РМК басшысының атына беріледі. Орталық басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 2-қосымшада көрсетілген.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

24. Қолданыстағы заңнамада көрсетілген жағдайда шағымдар жазбаша нысанда пошта немесе электрондық түрде не осы стандартқа 1 қосымшада көрсетілген ұйымдардың кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады .

Шағымға уәкілетті орган ұсынған мемлекеттік қызметтің сапасыздығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

25. Шағымды уәкілетті органға қолма-қол және пошта арқылы қабылдаудың растамасы оны уәкілетті органның кеңсесінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері журналында тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады).

Қолма-қол жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті алушыға шағымды қабылдаған адам, оның шағымының қабылданғанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс деректері көрсетілген талон береді .

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың шағымын қарастыру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті алушы орталыққа жүгінген кезде шағымды қолма-қол және пошта арқылы қабылдаудың растамасы оны орталықтың немесе «Орталық» РМК кеңсесінде тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады).

Шағымды қабылдаған адам мемлекеттік қызметті алушы оның шағымының қабылданғанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі,

байланыс деректері көрсетілген талон береді.

3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
 № 2 1 2 1 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызметін мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар), сондай-ақ неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеуге электрондық өтініш беру бөлігінде мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған ретте, «электрондық үкіметтің» веб-порталы» www.e.gov.kz арқылы (бұдан әрі – портал) көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 220-237-баптарының, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 537-бабының және «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 7-бабының және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: www.minjust.kz), сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органдардың үй-жайларындағы стенділерде орналастырылған;

2) порталда;

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпаратты call-центр телефоны (1414) арқылы да алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) уәкілетті органда:

неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қағаз жеткізгіште не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты электрондық құжат нысанында немесе қағаз жеткізгіште беру болып табылады.

Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізгеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға құжатты беретін өкілетті тұлғаның қолы қойылған, қағаз жеткізгіште енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулермен жаңа куәлік (анықтаманы) не электрондық құжат нысанында немесе қағаз жеткізгіште қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

2) порталда:

уәкілетті органның өкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған, электрондық құжат нысанында неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарламаны не электрондық құжат нысанында қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты алу.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу некеге (ерлі-зайыптылықты) тұруға ниет білдірушілердің уәкілетті органға өтініш берген күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін жүргізіледі (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді).

Некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұрушы тұлғалардың бірлесе берген өтініші бойынша тиісті құжаттармен (дәрігерлік-біліктілік комиссияның жүктілік туралы анықтамасы, денсаулық жағдайы туралы анықтама, басқа айрықша мән-жайларды растайтын анықтамалар) расталатын дәлелді себептердің болуы кезінде (жүктілігі, бала туу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да айрықша мән-жайлар) неке қиюды (ерлі-зайыптылықты)

мемлекеттік тіркеу орны бойынша уәкілетті органның бастығы бір ай өткенге дейін неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) рұқсат береді не мемлекеттік қызметті алушылардың не олардың бірінің берген жазбаша өтініші негізінде оны бір айдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Айрықша мән-жайлар (жүктілігі, баланың тууы, тараптардың біріне тікелей қауіп төнгенде және басқа да ерекше мән-жайларда) болған кезде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге (ерлі-зайыптылыққа) отырушы тұлғалардың ниеті бойынша неке қиюдың себебі мен оны растайтын құжаттарды көрсете отырып, өтініш берген күні жүргізіледі.

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) салтанатты тіркеу рәсімінің ұзақтығы 20 минуттан аспауы тиіс.

Неке қию туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың Орталық серверінде республика бойынша актілік жазбалардың электрондық нұсқасы болғанда, күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады, қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған кезде қарау мерзімі өтініш берушіге 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

а) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

б) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

Порталда – өтініштің қабылданғанының расталуы және неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күні мен уақытының белгіленуі бөлігіндегі ақпарат бір жұмыс күні ішінде алуға болады.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік баж белгіленеді. Мемлекеттік баж сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген мөлшерде есептеледі және заңдық маңызы бар іс-қимылдар жасалған және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттарды берген орны бойынша төленеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін портал арқылы электрондық сұрау салынған жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Уәкілетті органның жұмыс істеу кестесі.

Құжаттарды қабылдау сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезекке тұру тәртібімен ұсынылады.

Порталдың жұмыс істеу кестесі – тәулік бойы.

10. Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу рәсімі (салтанаты) ақысыз көрсетіледі және некеге тұрушы (ерлі-зайыпты болу) тұлғалардың ниеті бойынша салтанатты түрде жүргізіледі.

Егер некеге (ерлі-зайыпты болу) тұрушы тұлғалар (олардың бірі) ауыр науқасы салдарынан немесе басқа да дәлелді себептер бойынша тіркеу органына келе алмайтын жағдайда, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу некеге (ерлі-зайыпты болу) отырушы тұлғалардың қатысуымен үйінде, медициналық немесе өзге ұйымдарда жүргізіледі.

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу кезінде: мемлекеттік тіркеу азаматтарды қабылдау кабинеттері көзделген уәкілетті органның үй-жайында музыкалық сүйемелдеусіз және салтанатты ресімдеусіз жүргізіледі.

Үй-жайда мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыларға қызмет көрсетуге жағдайлар көзделген.

Қол жетімді жерлерде толтырылған бланкі үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) салтанатты түрде мемлекеттік тіркеген кезде неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу уәкілетті органның арнайы жабдықталған үй-жайларында не неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеуді салтанатты жүргізу үшін қажетті атрибуттары (Мемлекеттік елтаңба, Мемлекеттік ту), сондай-ақ музыкалық сүйемелдеуі (Ф. Мендельсонның «Гой маршы») бар арнайы неке қиюға арналған мемлекеттік неке сарайларында жүргізіледі.

Некені қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу рәсімін салтанатты түрде жүргізу кезінде коммерциялық ұйымдардың қатысуына жол берілмейді.

Некеге (ерлі-зайыпты болу) отырушы тұлғалардың ниеті бойынша неке қию рәсімін уәкілетті органның қатысуынсыз коммерциялық ұйымдар жүргізе алады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға:

неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу үшін:

- 1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;
- 2) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжатты;
- 3) бұрынғы некелері туралы мәліметтерді;

4) бар балалары туралы мәліметтерді;

5) бір бірінің денсаулық жағдайы мен материалдық жағдайы туралы хабардар екендігі, сондай-ақ некеге (ерлі-зайыптылыққа) тұруға кедергілердің жоқ екендігі туралы қолхатты ұсынады.

шетелдіктер қосымша мыналарды:

6) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхатын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасының ішкі істер органы берген Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат ететін құжатын ұсынады; Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген құжатын;

7) қажет болған жағдайда – азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының неке (ерлі-зайыптылыққа) қиюға рұқсат қағазын;

8) жеке басын куәландыратын құжатпен қатар оның мәтінінің қазақ немесе орыс тіліне аударылған нотариалды куәландырылған нұсқасын ұсынады.

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеудің заңнамада белгіленген мерзімін қысқарту немесе ұзарту қажет болған жағдайда, мерзімді қысқарту немесе ұзарту негізін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

Егер неке қию жасына толмаған тұлғалар некеге (ерлі-зайыпты болу) отырса, некеге (ерлі-зайыпты болу) тұрушы тұлғалардың заңды өкілдерінің келісімі қосымша ұсынылады.

Мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу куәліктерін, егер тіркеу 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден қойылған ЭЦҚ-ларды электрондық құжаттар нысанында алады.

Уәкілетті органның қызметкері құжаттардың төлнұсқалығының мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтерімен түпнұсқалылығын салыстырып тексеріп, содан кейін төлнұсқаларды мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыға қайтарады;

неке қию туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін:

1) осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы куәлік, егер куәліктің

төлнұсқасы жоғалған болса – неке қию (ерлі-зайыптылықты) туралы тіркеу анықтамасын ;

3) өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу қажеттігін растайтын құжаттар ;

4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат;

5) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат ұсынылады.

Куәліктің төлнұсқасы жоғалған жағдайда, (мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушы өз түсініктемесінде бұл жөнінде көрсетуі тиіс) аумақтық әділет органдарының осы актілік жазбаның бар екендігі туралы анықтамасы жеткілікті болады .

П о р т а л д а :

1) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу ;

2) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден қойылған ЭЦҚ-ларды электрондық құжаттар нысанында алады.

12. Өтініштің үлгісі порталда, сондай-ақ Министрліктің интернет-ресурсында : www.minjust.kz («Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету» бөлімі «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты» кіші бөлімі) немесе уәкілетті органның күту залындағы арнайы тағандарда орналасқан.

Порталға жүгінген кезде сұрау салуды электрондық құжат нысанында толтыру қажет .

13. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін құжаттар уәкілетті органның маманына тапсырылады, мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген .

Порталда электрондық сұрау салудың қабылдануы мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинеті» арқылы жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушыға:

1) сұрау салуды қабылдау күні;

2) қоса берілген құжаттардың саны;

3) құжаттарды беру күні мен уақыты;

4) құжаттарды рәсімдеуге өтінішті қабылдаған маманның тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат береді.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, сұрау салудың қабылданғаны туралы есеп-хабарламасы жіберіледі.

15. Актілік жазба жасалынған тұлғалардың азаматтық хал актілері мемлекеттік тіркелгеннен кейін, құжатты берген уәкілетті орган бастығының қолы қойылған және елтаңбалы мөрмен бекітілген белгіленген үлгіде азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы куәлікті беруді уәкілетті органның маманы мемлекеттік қызметті алушы өтінішпен келген кезде онда мерзімі көрсетілген қолхаттың негізінде жүзеге асырады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушының көрсетілетін қызмет нәтижесі порталдағы «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды мемлекеттік қызметті алушы ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Тапсырылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда (оның ішінде міндетті жолдар толтырылмағанда), осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар берілген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыға жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Егер мемлекеттік қызметті алушы құжаттарды белгіленген мерзімде алуға өтініш білдірмесе, уәкілетті орган олардың сақталуын ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қамтамасыз етеді.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызметті алушы жазбаша түрде уәкілетті органнан, не порталдағы «жеке кабинетінен» электрондық құжат нысанында алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын өтеу кезіндегі заңдылықты сақтауға негізделеді және сыпайылық, толық ақпаратты ұсыну, оның сақталуын, қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы және тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын осы мемлекеттік қызмет стандартын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның басшысының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру тәртібі түсіндірілуі және шағым арызды жазуға жәрдем көрсетілуі үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органға жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде шағым беру тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) бойынша алуға б о л а д ы .

21. Уәкілетті орган қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушы өтінішті тиісті мемлекеттік органға порталдағы «виртуалды қабылдағыш» арқылы жібере алады .

22. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым уәкілетті органдар басшысының атына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі. Уәкілетті орган басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

23. Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген ұйымдардың кеңселері арқылы жұмыс күндері қолма-қол қ а б ы л д а н а д ы .

Шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуін растайтын құжаттар қоса беріледі.

24. Шағымның қолма-қол, пошта арқылы түскенін растау оның уәкілетті органның кеңсесінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері журналында тіркелуі болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады). Шағымды қарау қорытындысы туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта арқылы х а б а р л а н а д ы .

Портал арқылы жүгінген кезде электрондық өтініш портал арқылы жіберілгеннен кейін «жеке кабинеттегі» мемлекеттік қызметті алушыға өтініштің

мемлекеттік органда қаралуы барысында жаңаланып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүргізіледі.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет ресурс: www.minjust.kz.

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының уәкілетті органдарының тізімі мен мекенжайы

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасу мекенжайы	Бөлімнің телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Ақмола облысының Әділет департаменті	Көкшетау қаласы, М. Горький көшесі, 37	8 (7162) 25-06-89	25-29-16 қабылдау бөлмесі
2	Ақтөбе облысының Әділет департаменті	Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 51 а	8 (7132) 56-03-36	56-30-80 қабылдау бөлмесі
3	Алматы облысының Әділет департаменті	Талдықорған қаласы, Қаблуса Жырау көшесі, 69 а	8 (7282) 24-63-12	21-08-15 қабылдау бөлмесі
4	Атырау облысының Әділет департаменті	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а	8 (7122) 35-75-10	35-75-38 қабылдау бөлмесі
5	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 6	8 (7232) 22-26-61 8 (7232) 55-19-69	22-19-83 қабылдау бөлмесі
6	Жамбыл облысының Әділет департаменті	Тараз қаласы, Төле би көшесі, 158 а	8 (7262) 45-20-89	43-05-05 қабылдау бөлмесі
7	Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Орал қаласы, Достық даңғылы, 208	8 (7112) 51-52-69	51-31-45 қабылдау бөлмесі
8	Қарағанды облысының Әділет департаменті	Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 1	8 (7212) 41-44-73	42-05-33 қабылдау бөлмесі
9	Қостанай облысының Әділет департаменті	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38	8 (7142) 54-39-94	54-82-23 қабылдау бөлмесі
10	Қызылорда облысының Әділет департаменті	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8 (7242) 27-13-07	27-04-72 қабылдау бөлмесі

11	Маңғыстау облысының Әділет департаменті	Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 8	8 (7292) 50-32-20	42-05-70 қабылдау бөлмесі
12	Павлодар облысының Әділет департаменті	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (7182) 32-16-21	32-32-58 қабылдау бөлмесі
13	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 72	8 (7152) 33-76-66	33-26-35 қабылдау бөлмесі
14	Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16	8 (7252) 23-32-71	23-23-76 қабылдау бөлмесі
15	Алматы қаласының Әділет департаменті	Алматы қаласы, Зенков көшесі, 47	8 (727) 291-90-72, 291-87-50	291-88-16 қабылдау бөлмесі
16	Астана қаласының Әділет департаменті	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 15	8 (7172) 32-22-87, 8 (7172) 32-32-95	39-12-13 қабылдау бөлмесі

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына

2-қосымша

Өтініш «_____» _____ 20__ ж. тіркелді және журналда № _____ тіркелді.

Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу «_____» _____ 20__ жылына тағайындалды.

Қолы _____

НЕКЕГЕ ОТЫРУ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ БОЛУ) ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

		Ер	Әйел
1.	Тегі		
2.	Аты		
3.	Әкесінің аты		
4.	Туған жылы, күні, айы, жасы	_____ ж. «__» _____ _____ жасқа толды	_____ ж. «__» _____ _____ жасқа толды
5.	Азаматтығы		
6.	Туған жері (қала, ауыл, аудан, облыс, өңір, республика)		
7.	Ұлты		
8.	Білімі		
9.	Кім болып және қайда жұмыс істейді		
10.	Отбасылық жағдайы: некеде (ерлі-зайыпты) болмауы, әйелі қайтыс болған ер адам (жесір), ажырасқан		
11.	Болашақ ерлі-зайыптының денсаулық жағдайы туралы хабардар/хабарсыз (ия/жоқ)		

12.	Ортақ балалары туралы мәліметтер		
13.	Тұрғылықты тұратын жері		
14.	Қай жылдан		
15.	Нешінші рет некеге (ерлі-зайыпты болу) отырады		
16.	Жеке басын куәландыратын құжаттар (нөмірі, қашан және кім берді)		

Неке қиюға кедергілер жоқ.
Неке қиюды (ерлі-зайыптылық) тіркегеннен кейін мына текті алуды тілейміз
күйеуі _____

жұбайы _____

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) шарттары мен тәртібі таныстырылды. Болашақ ерлі-зайыптылар мен ата-аналар ретінде құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайларды жасырған үшін жауапкершілік туралы бізге ескертілді (ӘҚБтК-нің 376-бабы).

Неке қиюды тіркеуді салтанатты/салтанатты емес жағдайда жүргізуді сұраймыз. (керек емесін сызып тастау)

Некеге отырушылардың қолы: ЕР _____
(некеге дейінгі тегі)

ӘЙЕЛ _____

(некеге дейінгі тегі)

_____ ж. « _____ » _____

(қиып алу сызығы)

20__ ж. « _____ » _____ құжат қарауға қабылданды.
Мемлекеттік қызмет көрсетуді алушының Т.А.Ә.

Неке қиюды тіркеу туралы куәлікті алу үшін 20__ ж « _____ » _____ келу.

Құжаттарды қабылдаған маманның Т.А.Ә. _____

(тіркеуші органның атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)

мекен - ж а й ы :

жеке куәлік № _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

ӨТІНІШ

Қызымның/ұлымның неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуіңізді сұраймыз

(а т ы , ә к е с і н і ң а т ы , т е г і)

(т у ғ а н к ү н і)

_____ белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын
төмендету қажеттігі себебімен
азаматпен (азаматшамен) некеге отыру үшін

(а т ы , ә к е с і н і ң а т ы , т е г і)

(туған күні)

Келесі құжаттар қоса беріледі:

Некеге (ерлі-зайыптылыққа) отырушылардың келісімі: Ата-ананың
(қамқоршылардың) қолы:

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты)
тіркеу, оның ішінде азаматтық хал
актілері жазбаларына өзгерістерді,
толықтырулар мен түзетулерді енгізу»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)
м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

**Азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер,
толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы
(керегін сызу) ӨТІНІШ**

Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу туралы актілік жазбаға

_____ (актілік жазбаны тіркеу № және күнін көрсету,

_____ актілік жазбаны тіркеген АХАЖ бөлімінің атауы,)

_____ себепті

_____ (өзгерту енгізудің себебін көрсету)

мынадай өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер _____

_____ (таңдаулы мәліметтерге енгізілетін өзгерістер, толықтырулар мен түзетулерді
к ө р с е т у)

_____ енгізуді сұраймын.

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____

2. Туған күні (жылы, күні, айы) _____

3. Туған жері (ауыл, қала, облыс, республика) _____

4. Ұлты _____

5. Азаматтығы _____

6. Отбасылық жағдайы (жұбайының Т.А.Ә., туған жылы, күні және айы, некені (ерлі-зайыптылықты) _____ тіркеу _____ күні)

7. Балалары туралы мәліметтер (өтініш беру кезіндегі Т.А.Ә., туған жылы, күні және айы, тұратын жері) _____

8. Жеке басты куәландыратын құжат туралы деректер (№, қашан және кім берді) _____

9. Әскери қызметке қатыстылығы:

а) қай жерде есепте тұр _____

б) қызмет ететін әскери бөлімнің атауы _____

10. Бұрын Т.А.Ә. ауыстырды ма, қашан және қайда _____

11. Тұрған уақыты көрсетілген, мемлекеттік қызметті алушының тұрған жерінің толық тізбесі _____

12. Тергеу, сот астында болған не заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болған жағдайда, қашан және не үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын көрсету, егер сотталған болса, қашан және қандай бап бойынша, қандай сотпен және қандай жазалау шарасы қолданылғаны туралы
к ө р с е т у

Өтінішке қоса беремін:

1) _____ 3) _____
2) _____ 4) _____
20__ ж. «__» _____

(өтініш қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)
журнал бойынша № _____

(қиып алу сызығы)
20__ ж. «__» _____ азамат (ша)

азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш пен оған қоса берілген _____ құжаттары қарауға қабылданды.

Қарау нәтижелері 20__ ж. «__» _____ хабарланатын болады.

Маманның (тегі, аты және әкесінің аты) _____

«Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақытылығы			
1.1. Қызметті құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде ұсыну %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			

4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 1 2 1 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

«Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мекенжайлары осы стандарттың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген аумақтық әділет органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар), сондай-ақ баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы көрсетіледі.

Шалғай жатқан елді мекендердің тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігі мақсатында мемлекеттік қызметті Мобильді орталықтар арқылы көрсетуге жол беріледі.

Мемлекеттік қызметті алушының неке (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеуге өтініш беру бөлігінде электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған ретте «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы да көрсетіледі.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 238-

247-баптарының, «Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі 537-бабының, «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 7-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы www.minjust.kz), сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдардың үй-жайларындағы стендтерде;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Мемлекеттік қызмет көрсетулерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Орталық» РМК) www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес Орталықтардың үй-жайларындағы стендтерде;

4) порталда орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы ақпаратты «электрондық үкіметтің» call-орталық ақпараттық-анықтамалық қызметінің 1414 телефоны бойынша да алуға болады.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) уәкілетті орғанда:

некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қағаз жеткізгішпен беру не қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанында немесе қағаз жеткізгішпен дәлелді жауап беру болып табылады.

Өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізгеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға қағаз жеткізгішпен құжат берген уәкілетті адамның қолымен бекітілген енгізілген түзетулерімен, толықтырулармен және өзгерістерімен қағаз жеткізгіштегі жаңа куәлік беріледі не мемлекет қызмет көрсетуді ұсынудан бас тарту туралы электронды нысанында құжат немесе қағаз жеткізгіш дәлелді жауап беріледі.

2) орталықта:

некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қағаз жеткізгішпен беру не қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанында дәлелді жауап беру болып табылады;

енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен құжатты берген уәкілетті тұлғаның қолтаңбасымен бекітілген қағаз жеткізгішпен жаңа

қуәлік беру не электронды құжат нысанында дәлелді бас тарту туралы жауап беру болып табылады.

3) порталда:

некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған электронды нысандағы өтінішті қабылдау туралы хабарламаны алу не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электронды құжат нысанында дәлелді жауап беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) уәкілетті орган арқылы жүгінген кезде:

сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, сот шешімінің негізінде белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз кеткен деп немесе жан күйзелісі сырқатының немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не қылмыс жасағаны үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету сот шешімінің негізінде 2 жұмыс күнінің ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді) көрсетіледі.

Осы стандарттың 11-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 күнге дейін ұзартылады, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі, қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті алушыға хабарландырыла отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді) ұзартылады.

Кәмелеттік жасқа толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некесін бұзуын тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету күнтізбелік 30 күннің ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді) қаралады.

Өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізу жөніндегі мемлекеттік қызмет күнтізбелік 15 күннің ішінде көрсетіледі, қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде қарау мерзімі, қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті алушыны хабарландырыла отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20

2) орталыққа жүгінген кезде:

сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, сот шешімінің негізінде белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз кеткен деп не жан күйзелісі сырқатының немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не қылмыс жасағаны үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету сот шешімінің негізінде 2 жұмыс күнінің ішінде (құжаттарды қабылдау және беру күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді) көрсетіледі.

Кәмелеттік жасқа толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некесін (ерлі-зайыптылығын) бұзуын тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету күнтізбелік 30 күннің ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзіміне кірмейді) қаралады.

Осы стандарттың 11-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 күнге дейін ұзартылады, басқа органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі мемлекеттік қызметті алушыны хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізу жөніндегі мемлекеттік қызмет күнтізбелік 15 күннің ішінде көрсетіледі, қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі, қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде мемлекеттік қызметті алушыны хабарландырыла отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушы жүгінген жерде, сол күні мемлекеттік қызмет көрсетуді алғанға дейінгі кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушы жүгінген жерде, сол күні алушыға мемлекеттік қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан а с п а й д ы .

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік баж белгіленеді. Мемлекеттік баж сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген мөлшерде есептеледі және заңдық маңызы бар іс-қимылдар жасалған және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттарды берген орны бойынша төленеді.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға электрондық сұрау салынған жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

9. Уәкілетті мемлекеттік органның жұмыс кестесі:
сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы»
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген
мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 9.00-
д е н 1 8 . 3 0 - ғ а д е й і н .

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезекке тұру
т ә р т і б і м е н ұ с ы н ы л а д ы .

О р т а л ы қ т ы ң ж ұ м ы с к е с т е с і :
мемлекеттік қызмет еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке
күндерін қоспағанда күн сайын, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда,
белгіленген жұмыс кестесіне сай үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20. 00 дейін.

Қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз, «электрондық» кезек тәртібімен
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Мобильдік орталықтар бекітілген орталықпен кестеге сәйкес құжаттар
қабылдайды, бірақ бір елді мекенде кем дегенде алты жұмыс сағаты ішінде
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. Уәкілетті органның үй-жайында мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға
қызмет көрсетуге жағдайлар қарастырылған азаматтарды қабылдауға арналған
жеке кабинеттері болады. Кабинеттерге толтырылған бланкі үлгілері бар
а қ п а р а т т ы қ с т е н д і л е р о р н а л а с қ а н .

Мемлекеттік қызмет тұтынушының тұрған жері бойынша орталықтың
ғимаратында да көрсетіледі, онда мүмкіндігі шектеулі тұтынушылар үшін
жағдайлар қарастырылған. Залда анықтама бюросы, күтушілерге арналған
креслолар, толтырылған бланкі үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін мемлекеттік қызметті
алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар не оның уәкілеттік берген өкілі
уәкілетті о р г а н ғ а н е м е с е о р т а л ы қ қ а :

сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес);

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің көшірмесі;

3) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;

4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;

кәмелеттік жасқа толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі
б о ы н ш а н е к е с і н б ұ з у ы н т і р к е у ү ш і н :

белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес);

2) неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік;

3) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
сот шешімінің негізінде белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз кеткен немесе жан күйзелісі сырқатының немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не қылмыс жасағаны үшін үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу үшін:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандарттың 5-қосымшасына сәйкес);

2) сот шешімінің немесе үкімнің көшірмесі;

3) неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік;

4) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;

5) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;

өзгерістер, түзетулер және толықтырулар енгізу үшін:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандарттың 6-қосымшасына сәйкес);

2) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлік, егер куәліктің төлнұсқасы жоғалған болса – некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы тіркеу анықтамасын;

3) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;

4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;

Мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу куәліктерін, егер тіркеу 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, уәкілетті орган немесе орталық тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ қолтаңбасы қойылған электронды құжат нысанында алады.

Уәкілетті органның немесе орталықтың қызметкері мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен берілген мәліметтері бар құжаттардың түпнұсқалығын тексеріп, содан кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызмет көрсетуді алушыға қайтарады.

Мемлекеттік қызметті алушы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде
п о р т а л д а :

кәмелеттік жасқа толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некесін (ерлі-зайыптылығын) бұзуын тіркеу үшін:

1) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ қолтаңбасы қойылған электронды құжат нысанында сұрау салу;

2) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;

3) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу куәліктерін, егер тіркеу 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ қолтаңбасы қойылған электронды құжат

н ы с а н ы н д а

а л а д ы .

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мәліметтері 2008 жылға дейін жүргізілген болса, құжаттың сканерден өткізілген көшірмесі электронды сұрау салуға қоса тіркеледі.

12. Өтініштің үлгісі порталда, сондай-ақ Министрліктің Интернет-ресурсында : www.minjust.kz («Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету» бөлімі «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты» кіші бөлімі) немесе мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның күту залындағы арнайы тағандарда орналасқан.

Орталықтарда бекітілген нысандағы өтініштердің бланкілері күту залының арнайы тағанында, сондай-ақ «Орталық» РМК-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналасады.

Порталға жүгінген кезде сұрау салуды электрондық құжат нысанында толтыру қажет.

13. Уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін құжаттар осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның маманына тапсырылады.

Мекенжайлары осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген орталықтарда құжаттарды қабылдау «тосқауылсыз» қызмет көрсету арқылы операциялық залда жүзеге асырылады.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

14. Тиісті құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органда мемлекеттік қызметті алушыға :

1) сұрау салуды қабылдаған күні;
2) қоса берілген құжаттардың саны;
3) құжаттарды беретін күні мен уақыты;
4) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған маманның тегі, есімі, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

орталыққа жүгінген кезде:

1) сұрау салудың нөмірі мен қабылдаған күні;
2) сұратылған мемлекеттік қызмет көрсету түрі;
3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
4) құжаттарды беретін күні (уақыты);
5) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған орталық қызметкерінің тегі, есімі, әкесінің аты көрсетілген тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Порталына жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушыға, порталдағы «жеке кабинетке» хабарлама - мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алған күні және уақыты көрсетілген сұрау салуды

қабылдағаны туралы есеп жіберіледі.

15. Дайын құжаттарды беруді уәкілетті органның маманы мемлекеттік қызметті алушы өтінішпен келген кезде онда мерзімі көрсетілген қолхаттың негізінде жүзеге асырады.

Орталықта дайын құжаттарды мемлекеттік қызметті алушыға беруді орталықтың инспекторы «терезе» арқылы онда мерзімі көрсетілген қолхаттың негізінде жүзеге асырады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің нәтижесі туралы «жеке кабинетке жіберіледі.

16. Уәкілетті орган осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттарды мемлекеттік қызметті алушы ұсынбаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Тапсырған құжаттары толық болмау фактісі анықталған жағдайда (оның ішінде міндетті жолдар толтырылмағанда) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар берілген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Уәкілетті органдағы құжаттарды сақтау мерзімі мен жою тәртібі ведомстволық нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

Мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін ұсынбаған жағдайда орталық құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқан кезде орталықтың қызметкері мемлекеттік қызметті алушыға жетіспейтін құжаттарды көрсете отырып қолхат береді.

Егер мемлекеттік қызметті алушы құжаттарды алуға мерзімінде жүгінбеген жағдайларда орталық оның 1 ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді де, содан соң оны уәкілетті органға қайтарады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызметті алушы жазбаша түрде уәкілетті органнан, не порталдағы «жеке кабинетінде» электрондық құжат нысанында алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын өтеу кезіндегі заңдылықты сақтауға және әдептілік, толық ақпаратты ұсыну, оның сақталуын, қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандарттың 6-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы және тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын осы мемлекеттік қызмет стандартын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның басшысының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Әрекетке (әрекетсіздікке) шағым беру тәртібіне түсіндірме және шағымды әзірлеуге жәрдем алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органға жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті алушы орталыққа және портал арқылы жүгінген кезде орталық қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) не осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына жұмыс күндері, 13.00-ден 14. 30-ға дейін түскі үзіліспен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі. Уәкілетті орган басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Уәкілетті органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің атына жұмыс күндері, 13.00-ден 14. 30-ға дейін түскі үзіліспен демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі.

Орталық көрсеткен мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым мекенжайы мен телефонды осы стандарттың 26-тармағында көрсетілген «Орталық» РМК атына беріледі.

22. Орталық қызметкері тиісінше қызмет көрсетпеген жағдайда шағым орталық басшысының атына беріледі. Орталық басшыларының мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген.

Көрсетілген қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

23. Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не осы стандарттың 1 және 2

-тармақтарында көрсетілген ұйымдардың кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымға уәкілетті органдар ұсынған сапасыз мемлекеттік қызмет көрсетуді растайтын құжаттар қоса беріледі.

24. Шағымдардың уәкілетті органда пошта және қолма-қол қабылданғанын растау оларды уәкілетті органның кеңсесінде жеке және заңды тұлғалар өтінішін журналға тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу мерзімі қойылады).

Өтінішпен қолма-қол жүгінген жағдайда шағымды қабылдаған адам мемлекеттік қызметті алушыға оның шағымының қабылданғанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс деректері көрсетілген талон береді.

Мемлекеттік қызметті алушыға шағымды қараудың нәтижелері туралы пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

Мемлекеттік қызметті алушы орталыққа жүгінген кезде шағымдардың пошта және қолма-қол қабылданғанын растау оларды орталықтың кеңсесінде немесе «Орталық» РМК-да тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу мерзімі қойылады).

Шағымды қабылдаған адам мемлекеттік қызметті алушыға оның шағымының қабылданғанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс деректері көрсетілген талон береді.

Мемлекеттік қызметті алушыға шағымды қараудың нәтижелері туралы пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

Портал арқылы электронды өтініш жіберілгеннен кейін «жеке кабинеттегі» мемлекеттік қызметті алушыға өтініші туралы мемлекеттік органда қаралу барысында жаңаланып отыратын ақпаратына (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде қаралады.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет ресурс: www.minjust.kz.

«Орталық» РМК-ның мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Республика даңғылы, 43 үй, телефоны: 77172- 94-99-95, интернет ресурс: www.con.gov.kz
17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын өтеу кезіндегі заңдылықты сақтауға және әдептілік, толық ақпаратты ұсыну, оның сақталуын, қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандартқа 6-қосымшаға сәйкес сапа және қол

жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы және тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын осы мемлекеттік қызмет стандартын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның басшысының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібін түсіндіру және шағымды дайындауға көмек көрсету үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары және телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдарға жүгінеді.

21. Уәкілетті органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері түскі асқа сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі.

22. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі. Уәкілетті органдар басшыларының телефондары мен мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

23. Шағым жазбаша түрде пошта арқылы немесе заңнамада көзделген жағдайларда электронды түрде не жұмыс күндері қолма-қол осы стандарттың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген ұйымдардың кеңселері арқылы қабылданады.

Шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметті сапасыз көрсеткенін растайтын құжаттар қоса беріледі.

24. Қолма-қол арқылы да және пошта арқылы да уәкілетті органға түскен шағымның қабылданғанын растау оны уәкілетті органның кеңсесінде жеке және заңды тұлғалар өтініштері журналына тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады).

Мемлекеттік қызметті алушы шағымын қолма-қол өткізген жағдайда оны қабылдаған адам, оның шағымының қабылданғанын растайтын нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс деректері көрсетілген талон береді.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүргізіледі.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет-ресурс: www.minjust.kz.

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының уәкілетті органдарының тізімдері мен мекенжайлары

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан мекенжайы	Бөлімнің телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Ақмола облысының Әділет департаменті	Көкшетау қаласы, М. Горький көшесі, 37	8 (7162) 41-21-65	25-09-39 қабылдау бөлмесі
2	Ақтөбе облысының Әділет департаменті	Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 51 а	8 (7132) 56-30-16	55-09-59 қабылдау бөлмесі
3	Алматы облысының Әділет департаменті	Талдықорған қаласы, Қабылиса Жырау көшесі, 69 а	8 (7282) 24-43-47	21-08-15 қабылдау бөлмесі
4	Атырау облысының Әділет департаменті	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а	8 (7122) 46-53-15 46-53-12	35-75-38 қабылдау бөлмесі
5	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 6	8 (7232) 55-59-26	22-19-83 қабылдау бөлмесі
6	Жамбыл облысының Әділет департаменті	Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, 158 а	8 (7262) 43-67-17	43-05-05 қабылдау бөлмесі
7	Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Орал қаласы, Достық көшесі, 208	8 (7112) 50-82-91	51-80-43 қабылдау бөлмесі
8	Қарағанды облысының Әділет департаменті	Қарағанды қаласы, Прогресс көшесі, 1	8 (7212) 56-64-12	42-05-33 қабылдау бөлмесі
9	Қостанай облысының Әділет департаменті	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38	8 (7142) 50-65-40	54-82-23 қабылдау бөлмесі
10	Қызылорда облысының Әділет департаменті	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8 (7242) 23-03-57	26-24-03 қабылдау бөлмесі
11	Маңғыстау облысының Әділет департаменті	Ақтау қаласы, 2 шағын аудан, 8	8 (7292) 50-32-20	42-05-70 қабылдау бөлмесі
12	Павлодар облысының Әділет департаменті	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (7182) 32-43-02	32-32-58 қабылдау бөлмесі

13	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 72	8 (7152) 33-27-53	33-23-80 қабылдау бөлмесі
14	Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16	8 (7252) 23-31-70	23-23-76 қабылдау бөлмесі
15	Алматы қаласының Әділет департаменті	Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 287	8 (727) 392-16-16	392-25-75 қабылдау бөлмесі
16	Астана қаласының Әділет департаменті	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 15	8 (7172) 48-88-36	39-12-13 қабылдау бөлмесі

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)
м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____
(нөмірі, кім және қашан берген)

Әке болуды тануды мемлекеттік тіркеу туралы ӨТІНІШ

Мен, _____
(аты, әкесінің аты, тегі)

өзімді баланың әкесімін деп растаймын,

(баланың аты, әкесінің аты, тегі)

азаматшада _____
(анасының аты, әкесінің аты, тегі)

« _____ » _____ 20 _____ жылы туылған

М е н _____ баланың
(баланың аты, әкесінің аты, тегі)

анасы _____
(аты, әкесінің аты, тегі)

азамат _____
(әкесінің аты, әкесінің аты, тегі)

_____ менің баламның әкесі екенін растаймын

Әке болуды тануды баланың әкесінің атын әкесінің аты бойынша жазып тіркеуді

с ұ р а й м ы з

тегін беруді _____

Сонымен бірге баланың тууы туралы акт жазуында әке туралы мәліметті енгізуді және ананың некеге дейінгі тегін түзетуді сұраймыз

Баланың әкесімен неке қию барысында қабылдаған _____ тегіне ауыстыруыңызды (бала әкесімен некелі (ерлі-зайыптылықты) жағдайда анасы толтырады)

Туу _____ «__» _____ 20__ ж. _____ тіркелген
(тіркеуші орган атауы)

Акт жазуының нөмірі _____

А н а с ы _____ **т у р а л ы** _____ **м ә л і м е т :**
Аты _____ Әкесінің аты (бар болғанда) _____ Тегі _____

Туған күні «_____» _____ 20__ ж. Ұлты _____

Жасы: _____

Азаматтығы _____

Білімі _____

Жұмыс орны және лауазымы _____

Отбасылық жағдайы _____

Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күні мен орны _____

Неке (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазуының нөмірі _____

Заңды мекен-жайы _____

Ә к е с і _____ **т у р а л ы** _____ **м ә л і м е т :**
Аты _____ Әкесінің аты (бар болғанда) _____

Тегі _____

Туған күні «_____» _____ 20__ ж. Ұлты _____

Жасы: _____

Азаматтығы _____

Білімі _____

Жұмыс орны және лауазымы _____

Отбасылық жағдайы _____

Некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеу күні мен орны _____

Неке (ерлі-зайыптылық) туралы акт жазуының нөмірі _____

Заңды мекен-жайы _____

Өтінішке қосымша тапсырамыз: 1. Баланың тууы туралы куәлік
2. Ата-анасы некелі (ерлі-зайыпты)
болса, неке қию (ерлі-зайыпты болу)
туралы куәлік.

Әкесі _____ (қолы)

Анасы _____ (қолы)

«___» _____ 20__ ж.

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)
м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

**Өзін баланың әкесімін деп танитын адамның өтініші бойынша
әке болуды белгілеу туралы
ӨТІНІШ**

Мен, _____ өзімді
(аты, әкесінің аты, тегі)

азаматша _____
(аты, әкесінің аты, тегі)

___ жылы "___" _____ туған _____, баланың
(аты, әкесінің аты, тегі)

ә к е с і м і н _____ д е п _____ т а н и м ы н .

Баланың әкесінің атын менің есімім _____

бойынша көрсетіп, _____

тегін көрсетіп, әке болуды тіркеуді сұраймын.

Бір мезгілде баланың туу туралы акті жазбасына әкесі туралы мәліметті енгізуді,
сондай-ақ ондағы анасының некеге дейінгі тегін _____

_____ баланың әкесімен некеге тұрған кезде қабылдаған тегіне _____

_____ түзетуді сұраймын.

Баланың туу туралы жаңа куәлігі берілсін, туу

(тіркеуші органның атауы)

_____ жылғы " ____ " _____ тіркелген.

А к т і

ж а з б а с ы н ы ң

н ө м і р і

Анасы мен әкесі туралы мәлімет:

		ӘКЕСІ	АНАСЫ
1	Туған күні	__ жылғы «__» _____	__ жылғы «__» _____
2	Ұлты		
3	Азаматтығы		
4	Тұрғылықты тұратын жері	қала _____ (ауылы) _____ ауданы _____ облысы _____ (өңірі, республикасы) _____ көшесі _____ пәтер № _____	қала _____ (ауылы) _____ ауданы _____ облысы _____ (өңірі, республикасы) _____ көшесі _____ пәтер № _____
5	Қай жылдан бастап		
6	Қайда және кім болып жұмыс істейді		
7	Білімі		
8	Жеке басты куәландыратын құжаты (сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)		

Анасының болмауының мән-жайларын растайтын құжаттың атауы

(қашан және қандай орган берген, нөмірі мен берген күні)

Ө т і н і ш к е қ о с а б е р е м і н :

- 1) өзін баланың әкесі деп танитын адамның өтініші;
- 2) әкесінің жеке басын куәландыратын құжаты;
- 3) егер ата-анасы некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрған болса, неке қиғаны (ерлі-зайыптылық) туралы куәлігі;
- 4) анасының болмауы мән-жайларын растайтын құжаттары: анасының қайтыс болуы туралы куәлігі; психикалық ауруы немесе есі кемдігі салдарынан анасын әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, оны қайтыс болды деп жариялағаны туралы, анасын ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу туралы сот шешімі; анасының тұрғылықты жерін белгілеудің мүмкін еместігі туралы анықтама.

Ә к е с і

(қ о л ы)

20__ жылғы "___" _____

(жыртылатын жері)

20__ ж. «_____» _____ қарауға _____ құжаттар қабылданды.

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Әке болуды белгілеу туралы куәлікті алу үшін: 20__ ж. «_____» _____

к е л с і н .

Құжаттарды қабылдаған маманның Т.А.Ә. _____

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына 4-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)

м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

Соттың шешімі бойынша әке болуды белгілеу туралы

ӨТІНІШ

_____ сотының 200__ жылғы "___"

№ _____ шешімінің негізінде азамат _____

б а л а н ы ң _____ ә к е с і _____ б о л ы п

т а н ы л д ы _____

(анасының тегі бойынша баланың тегі, аты, әкесінің аты)

азаматша _____

(анасының тегі, аты, әкесінің аты)

"___" _____ ж. _____ т. _____ туған.

Баланың әкесінің атын _____ әкесінің

аты бойынша көрсетіп, _____ тегін

беріп әке болуды тіркеуді сұраймыз.

Баланың туу... жылы "___" _____

АХАЖ бөлімінде № _____ жазбамен тіркелген.

Мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

№		Әкесі	Анасы
1.	Туған күні		
2.	Ұлты		
3.	Тұрғылықты тұратын жері		
4.	Қайда және кім болып жұмыс істейді		
5.	Білімі		
6.	Жеке басты куәландыратын құжаты (№, қашан және кім берген)		

Өтініш берушінің қолы _____ 20__ ж. «__» _____
(қолы)

(жыртылатын жері)

20__ ж. «__» _____ карауға _____ құжаттар қабылданды.
Өтініш берушінің _____ Т.А.Ә.

Әке болуды белгілеу туралы куәлікті алуға: 20__ ж. «__» _____
келсін.

Құжаттарды қабылдаған маманның Т.А.Ә. _____

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
5-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)

м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____
(нөмірі, кім және қашан берген)

**Азаматтық хал актілеріне өзгерістер,
толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы
(керегінің астын сызу) ӨТІНІШ**

_____ туралы № _____ «__» _____ ж. акт жазуына
келесі өзгерістерді, қосымшаларды, түзетулерді: _____
_____ енгізуіңізді сұраймын.

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1. Аты, әкесінің аты (болғанда), тегі _____
2. Туылған күні _____
3. Туылған жері _____
4. Ұлты _____
5. Азаматтығы _____
6. Отбасылық жағдайы _____
7. Кәмелетке толмаған балаларының аты, әкесінің аты, тегі және туылған жерлері _____

8. Жеке тұлғаны куәландыратын құжат _____

9. Қайда және кім болып жұмыс істейді _____

10. Әскери міндетке қатысы:

- a) қайда тіркеуде тұр _____
- b) қызмет атқаратын әскери бөлімшенің атауы _____

11. Өмір сүрген жерлердің нақты атаулары және уақыты _____

12. Тергеуде, сот қаралуында болу немесе өтелмеген немесе белгіленген тәртіпте шешілмеген сотталуының болуы жағдайында, аты, әкесінің аты, тегі өзгерту туралы өтініш қабылданғаны жөнінде сәйкес сұранысты жолдау үшін, көрсету

13. Ертеде аты, әкесінің аты, тегі өзгертілді ме: _____

14. Өзгерістерді, қосымшаларды, түзетулерді енгізу себебі: _____

Өтінішке өзгерістерді, қосымшаларды, түзетулерді енгізу қажеттілігін растайтын құжаттарды қосып баремін:

- 1) _____ 3) _____
- 2) _____ 4) _____

Жауапкершілік туралы жалған мағлұматтардың хабарының артынан ескертілген
20__ ж. «__» _____

(өтініш қабылдаушының лауазымды тұлғаның аты, әкесінің аты, тегі)

Журнал бойынша № _____

(қиып алу сызығы)

20__ жылғы «__» _____ азамат (ша) _____ азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш _____ қосымша құжаттарымен қарауға қабылданды.

Қарау нәтижелері 20____ жылғы «____» _____ хабарланатын болады.

Маман _____

(тегі, аты және әкесінің аты)

«Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына б-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақытылығы			
1.1. Қызметті құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде ұсыну %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009

жылғы

15

желтоқсандағы

№

2 1 2 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 248-256-баптарының, «Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі (Салық кодексі) 537-бабының, «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы 7-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы www.minjust.kz), сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдардың үй-жайларындағы стенділерде орналасқан.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі: бала асырап алуды тіркеу және бала асырап алу туралы қағаз тасығышта куәлік беру болып табылады.

Туу туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізілген кезде мемлекеттік қызметті алушыға енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен және түзетулерімен, құжатты берген тіркеуші орган басшысының қолтаңбасымен және елтаңбалы мөрімен бекітілген мемлекеттік тіркеу туралы жаңа куәлік не қағаз тасығышта дәлелді бас тарту туралы жауап беріледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына және шетелдіктерге (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

- 1) бала асырап алуды тіркеген кезде – 1 жұмыс күні; республика бойынша Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректер қорының Орталық серверінде актілік жазбасының электрондық нұсқасы болған кезде, өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді тіркеу кезінде өтініш 15 күн ішінде қаралады, басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі мемлекеттік қызметті алушыны хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;
- 2) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 30 м и н у т т а н а с п а й д ы ;
- 3) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 м и н у т т а н а с п а й д ы .

8. Қазақстан Республикасының азаматтары бала асырап алған кезде мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Шетелдіктер бала асырап алған кезде, сондай-ақ өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізілген кезде мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік баж сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне белгіленген мөлшерде есептеледі және заңдық маңызы бар іс-қимылдар жасалған және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттарды берген орны бойынша төленеді.

9. Құжаттарды қабылдау күн сайын, сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезекке тұру тәртібімен жүзеге асырылады.

10. Уәкілетті органның үй-жайында мүмкіндігі шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсетуге жағдайлар қарастырылған азаматтарды, қабылдауға арналған жеке кабинеттері болады. Кабинеттерге толтырылған бланкі үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар не оның у ә к і л е т т і ө к і л і :

бала асырап алуды тіркеу үшін:

- 1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандартқа 2-қосымша);

2) жеке бастарын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін;
3) бала асырап алу туралы сот шешімінің көшірмесін;
4) баланың туу туралы куәлігін;
5) егер некеге 2008 жылға дейін тұрған болса, бала асырап алу алушылардың неке туралы куәлігінің көшірмесі, сондай-ақ шетелдік азаматтар үшін де осындай т а л а п қ о й ы л а д ы ;

6) өкілдің уәкілеттігін растайтын құжат;
7) шетелдіктер үшін бюджетке мемлекеттік баждың төлегенін растайтын қ ұ ж а т т а р ы ;

8) шетелдіктің тұруға ықтиярхаты;
9) жеке бастарын куәландыратын құжатпен бірге шетелдіктер мұның нотариалды куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған мәтінін ұ с ы н а д ы ;

бала асырап алуды тіркеуге байланысты туу туралы актілік жазбаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін:

1) белгіленген нысандағы өтініш (осы стандартқа 3-қосымша);
2) туу туралы куәлігін, егер куәліктің төлнұсқасы жоғалған болса – туу туралы тіркеу анықтамасын;

3) бала асырап алуды туралы куәлігін, егер куәліктің төлнұсқасы жоғалған болса – бала асырап алуды туралы тіркеу анықтамасын;

4) соттың бала асырап алуды жою немесе жарамсыз деп тану туралы шешімі;

5) өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін растайтын құжаттар;

6) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат немесе салықтық жеңілдіктер берілуге негіз болып табылатын құжат;

7) өкілдің уәкілеттігін растайтын құжатты ұсынады.

12. Өтініштің үлгісі Министрліктің порталында, сондай-ақ интернет-ресурсында www.minjust.kz (Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету стандарттары бөлімінің «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары» кіші бөлімінде) немесе мекенжайы осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген ұйымның күту залындағы арнайы тағандарда орналасқан.

13. Уәкілетті органда мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттар мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның маманына т а п с ы р ы л а д ы .

14. Тиісті құжаттарды қабылдау кезінде уәкілетті органда мемлекеттік қ ы з м е т т і а л у ш ы ғ а :

- 1) сұрау салуды қабылдаған күні;
- 2) қоса берілген құжаттардың саны;
- 3) құжаттарды беретін күні, уақыты;
- 4) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған маманның тегі, есімі, әкесінің аты

көрсетілген тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

15. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген дайын құжаттарды беруді уәкілетті органның маманы мемлекеттік қызметті алушы өтінішпен келген кезде онда мерзімі көрсетілген қолхаттың негізінде жүзеге асырады.

16. Уәкілетті орган осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттарды мемлекеттік қызметті алушы ұсынбаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден б а с т а р т а д ы .

Тапсырған құжаттары толық болмау фактісі анықталған жағдайда (оның ішінде міндетті жолдар толтырылмағанда) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар берілген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша дәлелді бас тарту беріледі.

Уәкілетті органдағы құжаттарды сақтау мерзімі мен жою тәртібі ведомстволық нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышын өтеу кезіндегі заңдылықты сақтауға және сыпайылық, толық ақпаратты ұсыну, оның сақталуын, қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы және тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын осы мемлекеттік қызмет стандартын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның басшысының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шағымды дайындауға көмек көрсету тәртібін түсіндіру үшін мемлекеттік қызметті алушы мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органға ж ү г і н е д і .

21. Уәкілетті органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету

комитетінің атына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі.

22. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін беріледі. Уәкілетті органдар басшыларының телефондары мен мекенжайлары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

23. Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңда көрсетілген жағдайда электронды түрде не осы стандарттың 1-тармағында көрсетілген ұйымның кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымға уәкілетті орган ұсынған мемлекеттік қызметтің сапасыздығын растайтын құжаттарды қоса беріледі.

24. Шағымдардың пошта және қолма-қол уәкілетті органда қабылданғанын растау оларды уәкілетті органның кеңсесінде жеке және заңды тұлғалар өтінішін журналға тіркеу болып табылады (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу мерзімі қойылады).

Шағымды қараудың нәтижелері туралы мемлекеттік қызметті алушыға жазбаша түрде пошта бойынша хабарланады.

Шағымды қолма-қол берген кезде мемлекеттік қызметті алшыға оның шағымын қабылдап алғандығы туралы растап, шағымды қабылдаған адам номері, күні, шағымды қабылдаған адамның тегі, байланыс мәліметтері бар талон беріледі.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүргізіледі.

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет ресурс: www.minjust.kz. «Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының уәкілетті органдарының тізімі мен мекенжайы

P/c №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан мекенжайы	Бөлімнің телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Ақмола облысының Әділет департаменті	Көкшетау қаласы, М. Горький көшесі, 37	8 (7162) 25-06-89	25-29-16 қабылдау бөлмесі
2	Ақтөбе облысының Әділет департаменті	Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 51 а	8 (7132) 56-03-36	56-30-80 қабылдау бөлмесі
3	Алматы облысының Әділет департаменті	Талдықорған қаласы, Қабылиса Жырау көшесі, 69 а	8 (7282) 24-63-12	21-08-15 қабылдау бөлмесі
4	Атырау облысының Әділет департаменті	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а	8 (7122) 35-75-10	35-75-38 қабылдау бөлмесі
5	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 6	8 (7232) 22-26-61, 8 (7232) 55-19-69	22-19-83 қабылдау бөлмесі
6	Жамбыл облысының Әділет департаменті	Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, 158 а	8 (7262) 45-20-89	43-05-05 қабылдау бөлмесі
7	Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Орал қаласы, Достық көшесі, 208	8 (7112) 51-52-69	51-31-45 қабылдау бөлмесі
8	Қарағанды облысының Әділет департаменті	Қарағанды қаласы, Прогресс көшесі, 1	8 (7212) 41-44-73	42-05-33 қабылдау бөлмесі
9	Қостанай облысының Әділет департаменті	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38	8 (7142) 54-39-94	54-82-23 қабылдау бөлмесі
10	Қызылорда облысының Әділет департаменті	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8 (7242) 27-13-07	27-04-72 қабылдау бөлмесі
11	Маңғыстау облысының Әділет департаменті	Ақтау қаласы, 2 шағын аудан, 8	8 (7292) 33-51-57	42-05-70 қабылдау бөлмесі
12	Павлодар облысының Әділет департаменті	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (7182) 32-16-21	32-32-58 қабылдау бөлмесі
13	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 72	8 (7152) 33-76-66	33-26-35 қабылдау бөлмесі
14	Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16	8 (7252) 23-32-71	23-23-76 қабылдау бөлмесі
15	Алматы қаласының Әділет департаменті	Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 287	8 (7272) 291-90-72, 291-87-50	291-88-16 қабылдау бөлмесі
16	Астана қаласының Әділет департаменті	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 15	8 (7172) 32-22-87, 8 (7172) 32-32-95	39-12-13 қабылдау бөлмесі

«Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

(тіркеуші

органның

атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)
м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____
(нөмірі, кім және қашан берген)

**Бала асырап алуды тіркеу туралы
ӨТІНІШ**

Мен _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

және азаматша _____
(тегі, есімі, әкесінің есімі)

балаға _____
(баланың асырап алынғаннан кейінгі Т.Е.Ә.)

(соттың атауы)

заңдық күшіне енген шешімі ұсынылады.

Баланың туған күні 20____ жылғы "____" _____

Баланың туған жері _____

Баланың туу 20____ жылғы "____" _____

_____ тіркелген.

Бала туралы мәліметтерді көрсете отырып

(баланың асырап алынғаннан кейінгі Т.Е.Ә, туған жері, туған күні)

баланы асырап алуды тіркеуді сұраймыз.

Бір мезгілде ата-анасы туралы мәліметтер енгізуді (егер соттың шешімінде көрсетілген болса) және жаңа куәлік беруді сұраймын.

Өтініш берушілердің қолы _____

Өтінішті берген күні _____

Жалған мәліметтер берген үшін жауапкершілікте болатыным туралы ескертілдім.

« _____ » 2 0 ____ ж ы л

(өтінішті қабылдап алған адамның тегі, есімі, әкесінің аты)

Журнал бойынша № _____

(қиып алу сызығы)

20__ жылғы «_____» _____, _____ өтініш қарауға қабылданды.

Қ а р а у д ы ң н ә т и ж е с і

20__ жылғы «_____» _____ хабарланады.

Құжаттарды қабылдаған

Маман _____

(тегі, есімі, әкесінің аты)

«Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандартына

3-қосымша

(тіркеуші _____ органның _____ атауы)

(өтініш берушінің аты, әкесінің аты, тегі)

м е к е н - ж а й ы :

жеке куәлік № _____

(нөмірі, кім және қашан берген)

**Азаматтық хал актілеріне өзгерістер,
толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы**

(керегінің астын сызу)

ӨТІНІШ

_____ туралы актіге

(актілік жазбаның № және күнін көрсету,

себепті _____

актілік жазаны тіркеген АХАЖ бөлімінің атауы)

_____ мынадай өзгерістер,

толықтырулар мен түзетулер енгізуді сұраймын _____

Өзім _____ туралы _____ мыналарды _____ хабарлаймын:

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____

2. Туған күні (күні, айы, жылы) _____

3. Туған жері (республикасы, облысы, қаласы, ауылы) _____

4. ҰЛТЫ _____

5. Азаматтығы _____

6. Отбасы жағдайы _____

7. Кәмелетке толмаған балаларының аты, әкесінің аты туралы мәліметтер (Т.А.Ә. , туған күні, айы мен туған жылы, өтініш берген сәттегі тұрғылықты жері) _____

8. Жеке басты куәландыратын құжаты туралы деректер (№, қашан және кім берген) _____

9. Қайда, кім болып істейді _____

10. Әскери қызметке қатыстылығы:

а) қай жерде есепте тұр _____

б) қызмет ететін әскери бөлімінің атауы _____

11. Тұрған уақыты көрсетілген, тұтынушының тұрған жерінің толық тізбесі _____

12. Тергеуде, сотта жатқан не өтелмеген не заңда белгіленген тәртіпте шығарылмаған соттылығы болған жағдайда, қашан және не үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын, егер сотталған болса қашан және қандай баппен, қандай сотпен және қандай жазалау шарасы қолданылғаны туралы көрсетілсін _____

Өтінішке мыналарды қоса беремін:

1) _____ 3) _____

2) _____ 4) _____

20__ жылғы "___" _____

Жалған мәліметтер берген үшін жауапкершілікте болатыным туралы ескертілдім.

«_____» 20__ жыл

(өтінішті қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

ж у р н а л б о й ы н ш а № _____

қоса берілген құжаттармен бірге

(қиып алу сызығы)

20__ жылғы «_____» _____ азамат (ша) _____

азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш _____ қосымша құжаттарымен қарауға қабылданды.

Қарау нәтижелері 20__ жылғы «_____» _____ хабарланатын болады.

Маман _____

(тегі, аты және әкесінің аты)

«Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді,

толықтырулар мен түзетулерді енгізу»
мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақытылығы			
1.1. Қызметті құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде ұсыну %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 2121 қаулысымен

бекітілген

«Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді енгізу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) мекенжайлары осы стандарттың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар), сондай-ақ баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы көрсетіледі.

Шалғай жатқан елді мекендер тұрғындарының мемлекеттік қызметке қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тіркеуге өтініш беру бойынша Мобильді орталық арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге жол беріледі.

Мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы да алуға болады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 257-267-баптары, «Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 537-бабы, «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 7-бабы және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында (электрондық мекенжайы: www.minjust.kz), сондай-ақ ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдардың үй-жайларындағы стендтерде;

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті «Халыққа қызмет көрсету» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Орталық» РМК-сі): www.con.gov.kz интернет-ресурсында;

3) ресми ақпарат көздерінде және тізбесі осы стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген орталықтардың үй-жайларындағы стендтерде;

4) порталда орналастырылған;

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат call-центр телефоны (1414) арқылы да беріледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) уәкілетті органда:

атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу және қағаз тасушыда атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік не электрондық құжат нысанында немесе қағаз тасығышта мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізілгеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен, түзетулерімен құжатты берген уәкілетті тұлғаның қолы қойылған жаңа куәлікті қағаз тасығышта не электрондық құжат нысанында немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап қағаз тасығышта беріледі;

2) орталықта:

атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қағаз тасығышта не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап электрондық құжат нысанында немесе қағаз тасығышта беру; енгізілген өзгерістерімен, толықтыруларымен, түзетулерімен құжатты берген уәкілетті тұлғаның қолы қойылған жаңа куәлікті қағаз тасығышта не электрондық құжат нысанында немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру.

3) порталда:

уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қойылған, электрондық құжат нысанында атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу туралы электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарламаны не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты электрондық құжат нысанында алу болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: уәкілетті орган немесе портал арқылы жүгінген кезде:

атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш Республика бойынша Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректер қорының Орталық серверінде актілік жазбалардың электрондық нұсқасы болған кезде күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады (қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді), басқа органдарға сұрау салу қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Басқа мемлекеттің аумағына сұрау салу қажет болған жағдайда, өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны қарау мерзімін ұзарту сәтінен бастап 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен

аспайтын уақытқа ұзартылады;

2) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш Республика бойынша Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректер қорының Орталық серверінде актілік жазбалардың электрондық нұсқасы болған кезде күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады, басқа органдарға сұрау салу қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

3) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

4) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

орталық арқылы жүгінген кезде:

1) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы өтініш Республика бойынша Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректер қорының Орталық серверінде актілік жазбалардың электрондық нұсқасы болған кезде күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады (қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді), басқа органдарға сұрау салу қажет болған жағдайда, өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Басқа мемлекеттің аумағына сұрау салу қажет болған жағдайда, өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны қарау мерзімін ұзарту сәтінен бастап 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

2) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш Республика бойынша Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректер қорының Орталық серверінде актілік жазбалардың электрондық нұсқасы болған кезде күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады, басқа органдарға сұрау салу қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі ол туралы мемлекеттік қызметті тұтынушыны қарау мерзімін ұзарту сәтінен бастап 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, күнтізбелік 30 күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

3) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

4) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету – ақылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік баж белгіленеді. Мемлекеттік баж сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы

(Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген мөлшерде есептеледі және заңдық маңызы бар іс-қимылдар жасалған және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттарды берген орны бойынша төленеді.

Мемлекеттік қызметті алуға портал арқылы электрондық сұрау салынған жағдайда төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

9. Құжаттарды қабылдау:

1) уәкілетті органның жұмыс кестесі:

күн сайын, сенбі, жексенбі және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Қабылдау кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүргізіледі;

2) орталықтың жұмыс кестесі:

еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, орталықтың жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен жедел қызмет көрсетусіз жүргізіледі.

Мобильдік орталықтар бекітілген орталықпен кестеге сәйкес құжаттар қабылдайды, бірақ бір елді мекенде кем дегенде алты жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады;

3) порталдың жұмыс кестесі – тәулік бойы.

10. Уәкілетті органның үй-жайында азаматтарды қабылдауға арналған жеке кабинеттері болады, онда мемлекеттік қызметті мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға көрсетуге жағдайлар қарастырылған. Кабинеттерде толтырылған бланкілер үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

Мемлекеттік қызмет, сонымен қатар мемлекеттік қызметті алушының тұратын жері бойынша орталықтың ғимаратында көрсетіледі, онда мемлекеттік қызметті мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға көрсету үшін жағдайлар қарастырылған. Залда анықтама бюросы, күту креслолары, толтырылған бланкілер үлгілері бар ақпараттық стенділер орналасқан.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға немесе орталыққа:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандарттың 3-қосымшасы);

2) 2008 жылға дейін туған адамдар үшін мемлекеттік қызметті алушының туу туралы куәлігін;

3) өкілдің уәкілеттілігін растайтын құжат;

4) неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) 2008 жылға дейін тіркеген адамдар үшін неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлікті;

5) егер мемлекеттік қызметті алушының кәмелетке толмаған балалары болса, балалардың туу туралы куәліктерін (2008 жылға дейін туған жағдайда);

6) егер оларды тіркеуші органдар тіркеген болса, бала асырап алуды не әке болуды анықтауды 2008 жылға дейін тіркеген адамдар үшін бала асырап алу туралы куәлікті не әке болуды анықтау туралы куәлікті;

7) егер мемлекеттік қызметті алушы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға байланысты өзіне некеге дейінгі тегін беру туралы өтініш жасаса, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды 2008 жылға дейін тіркеген адамдар үшін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті;

8) мемлекеттік қызметті алушының екі фотосуретін;

9) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжатты ұсынады.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызметті алушы атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды өтінуіне байланысты себептерді растайтын қосымша құжаттар т а л а п е т і л е д і .

Мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, сонымен қатар, егер тіркеу 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметті уәкілетті орган немесе орталық тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ қойылған электрондық құ ж а т н ы с а н ы н д а а л а д ы .

Уәкілетті органның немесе орталықтың қызметкері құжаттардың түпнұсқаларының дұрыстығын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен салыстырады, кейін түпнұсқаларды мемлекеттік қызметті алушыға қайтарады.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы актілік жазбаға өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы стандарттың 4-қосымшасы);

2) азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуіне байланысты ауыстыруға жататын, азаматтық хал актісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, егер куәліктің төлнұсқасы жоғалған болса – азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамасы;

3) азаматтық хал актісіне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіздеменің бар екендігін растайтын құжатты;

4) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжатты;

5) өкілдің өкілеттілігін растайтын құжатты ұсынады.

Порталға атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу үшін жүгінген кезде:

1) мемлекеттік қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат
н ы с а н ы н д а с ұ р а у с а л у ;

2) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар,
сонымен қатар, егер тіркеу 2008 жылдан кейін жүргізілген болса, азаматтық хал
актілерін тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметті уәкілетті орган немесе
орталық тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭЦҚ қойылған электрондық
қ ұ ж а т н ы с а н ы н д а а л а д ы ;

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылға дейін жүргізілсе, мемлекеттік
қызметті алушы құжаттарды сканирленген көшірме ретінде электрондық сұрау
с а л у ғ а қ о с а б е р е д і .

12. Өтініш үлгісі www.e.gov.kz порталында, сонымен қатар Әділет
министрлігінің: www.minjust.kz интернет-ресурсында («Тіркеу қызметі және
құқықтық көмек көрсету» бөлімінің «Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары»
кіші бөлімі) немесе уәкілетті органның күту залындағы арнайы тағандарда
о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

Бекітілген нысандардағы өтініш бланкілері орталықтардың күту залындағы
арнайы тағандарда, сонымен қатар «Орталық» РМК-ның: www.con.gov.kz
интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

Порталға жүгінген кезде электрондық құжат нысанында сұрау салуды
т о л т ы р у қ а ж е т .

13. Уәкілетті органда мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттар мекенжайлары
осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органның маманына
т а п с ы р ы л а д ы .

Орталықтарда құжаттарды қабылдау операциялық залда «кедергісіз» қызмет
көрсету а р қ ы л ы жүргізіледі.

Порталда электрондық сұрау салу мемлекеттік қызметті алушының «жеке
кабинетінде» жүргізіледі.

14. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттарды уәкілетті органда
қабылдау кезінде мемлекеттік қызметті алушыға тиісті құжаттардың
қ а б ы л д а н ғ а н ы т у р а л ы :

1) өтініштің қабылданған күні;

2) қоса берілген құжаттардың саны;

3) құжаттарды беру күні мен уақыты;

4) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған маманның аты, әкесінің аты, тегі
көрсетілген қолхат беріледі.

Орталыққа жүгінген кезде – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы:

1) өтінішті қабылдаған нөмірі мен күні;

- 2) сұратылған мемлекеттік қызмет түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттарды беру орны мен күні (уақыты);
- 5) құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған орталық инспекторының аты, әкесінің аты, тегі;
- б) мемлекеттік қызметті алушының аты, әкесінің аты, тегі, уәкілетті өкілінің аты, әкесінің аты, тегі және олардың байланыс телефондары көрсетілген қолхат беріледі.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама - есеп жіберіледі.

15. Дайын құжаттарды беруді уәкілетті органның маманы қолхат негізінде мемлекеттік қызметті алушының онда көрсетілген мерзімде келген кезінде жүзеге асырады.

Орталықта дайын құжаттарды мемлекеттік қызметті алушыға беруді қолхат негізінде орталық инспекторы «терезе» арқылы онда көрсетілген мерзімде жүзеге асырады.

Порталға жүгінген кезде қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бастартады.

1) біліктілік емтиханынан өткені туралы Комиссияның шешімін не емтиханнан өтпегені туралы Комиссияның хаттамасынан үзіндінің көшірмесін, лицензия беруден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап беру;

2) уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңба қойған электрондық құжат нысанында мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны, қайта ресімдеуді, лицензия телнұсқасын www.elicense.kz порталында беру болып табылады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен р а с т а л а д ы .

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда телнұсқасы уәкілетті органда немесе портал арқылы беріледі.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жоғарғы оң жақ бұрышында жаңа нөмір бере отырып лицензияның телнұсқасын береді.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген (ол болған кезде), оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде дара кәсіпкерді қайта тіркеу, оның мекенжайы мен атауы өзгерген кезде, заңды тұлға қосу, біріктіру, бөліп шығару немесе қайта ұйымдастыру нысанында қайта құрылған, заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген, сондай-ақ егер мұндай өзгеріс қызмет түрі және (немесе) кіші қызмет түрі шеңберінде орындалатын операциялар мәнінің өзгеруіне әкеп соқпағанда, қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі өзгерген жағдайда, қайта ресімделген лицензия беріледі.

Лицензиат төменде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет алушының уәкілетті органға немесе порталға жүгінген сәтінен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: біліктілік емтиханынан өту үшін олардың түскен күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей құрайды;

біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей дайындалады және үш жұмыс күні ішінде жіберіледі;

лицензия он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі;

лицензияның телнұсқасы өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде беріледі;

лицензия он жұмыс күні ішінде қайта ресімделеді;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет:

1) біліктілік емтиханын өткізу тегін көрсетіледі;

2) мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны беру, қайта ресімдеуді, лицензия телнұсқасын беру ақылы қолма-қол

және (немесе) қолма-қол ақшасыз көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін лицензиялық алым белгіленген. Лицензиялық алымның сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген ставкалар бойынша есептеледі және лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін алымды төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны алуға, қайта ресімдеуге, лицензия телнұсқасын беруге электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда – мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін күн сайын көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда тәулік бойы көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша жеке шығатын есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсатнама бойынша ғимаратқа кіру көзделген уәкілетті органның ғимаратында көрсетіледі. Біржолғы рұқсатнама тікелей қызмет көрсететін лауазымды тұлғаның телефон арқылы берген өтінімі бойынша ресімделеді.

Құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы дабыл және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Кіреберіс есігі дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған.

2) порталда жеке кабинетте көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алушы немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың мынадай тізбесін:

уәкілетті органға:

біліктілік емтиханынан өту үшін:

1) өтінішті;

2) «Бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімі және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімі туралы дипломның көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) – жеке тұлға үшін ;

3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін – жеке тұлға (немесе уәкілетті өкілі) үшін ;

4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады. лицензияны, лицензияның телнұсқасын алу үшін мемлекеттік қызмет алушы: 1) өтінішті ;

2) заңды тұлға үшін – жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін телнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) өтініш берушінің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің көшірмесін не анықтаманы ;

3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін – жеке тұлға үшін ;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) ;

5) өтініш берушіні салық органына есепке қою туралы куәліктің көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) ;

6) «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін ;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады; лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушы: 1) өтінішті ;

2) «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін ;

3) лицензияның және лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмесін ұсынады ;

п о р т а л д а :

лицензияны, лицензияның телнұсқасын алу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанында сұрау салуды ;

2) сканерден өткізілген көшірме түріндегі жарғы электрондық сұрау салуға қоса бекітіледі ;

3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін сканерден өткізілген көшірме түріндегі біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ;

м ы н а :

4) жеке тұлға үшін – мемлекеттік қызмет алушының жеке басын
к у ә л а н д ы р а т ы н к ұ ж а т т ы ң ;

5) заңды тұлға үшін – өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу
туралы куәліктің көшірмесін не анықтаманы;

6) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік
тіркеу туралы куәліктің деректерін;

7) лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын
электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мәліметтерді уәкілетті орган
тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық құжат
н ы с а н ы н д а а л а д ы .

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат
н ы с а н ы н д а с ұ р а у с а л у д ы ;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияны қайта
ресімдеу кезінде лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәліметті;

3) лицензияның және лицензияға қосымшаның деректері немесе лицензияның
және лицензияға қосымшаның сканерден өткізілген көшірмесі электрондық
сұрау салуға қоса бекітіліп ұсынылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын
электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мәліметтерді уәкілетті орган
тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық құжат
н ы с а н ы н д а а л а д ы .

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487
қ а у л ы с ы м е н .**

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін:

1) мемлекеттік қызмет алушы біліктілік емтиханынан өту, лицензияны қайта
ресімдеу, лицензияның телнұсқасын алу үшін еркін нысанда өтініш береді, оның
үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында орналастырылған;

2) лицензия беруге мемлекеттік қызмет алушы Министрліктің www.minjust.kz
интернет-ресурсында көрсетілген «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753
қаулысымен бекітілген белгіленген үлгідегі өтінішті толтырады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау салу
н ы с а н ы н т о л т ы р у қ а ж е т .

13. Уәкілетті органда құжаттарды қабылдау поштамен жіберу арқылы не
уәкілетті органның кеңсесіне мына: 010000, Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй,
«Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021-бөлме мекенжайға арқылы
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Электрондық сұрау салуды жіберу мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады.

Сұрау салу автоматты түрде адресат мемлекеттік органға таңдап алынған қызметке сәйкес жіберіледі.

14. Осы стандарттың 11-тармақтарында көрсетілген құжаттардың қабылданғанын растау мемлекеттік қызмет алушыға күні мен уақыты, уәкілетті орган кеңсесінің құжатты қабылдаған қызметкерінің тегі мен аты-жөні көрсетілетін тізімдемені беру болып табылады.

Портал арқылы жүтінгенде мемлекеттік қызмет алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет алшыға мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Біліктілік емтиханына жіберу туралы хабарлама мемлекеттік қызмет алушыға пошта арқылы жіберіледі, біліктілік емтиханының өткізілу орны, күні және уақыты туралы хабарлау портал арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

Біліктілік емтиханынан өткені туралы Комиссияның шешімі не емтиханнан өтпегені туралы Комиссия хаттамасынан үзіндінің көшірмесі мемлекеттік қызмет алушыға өзі келген кезде қолма-қол мына: 010000, Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 112-114 кабинеттер мекенжайы бойынша беріледі.

Лицензияны беруден, қайта ресімдеуден, лицензияның телнұсқасын беруден бас тарту себептері туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет алушыға уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру электрондық Үкіметтің «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет алушыға «жеке кабинетке» жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеу және толық ұсынбау фактілерін белгілеу болып табылады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Құжаттарды толық ұсынбаған фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қарастырудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

Е г е р :

- 1) субъектілердің осы санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрімен айналысса;
 - 2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе;
 - 3) мемлекеттік қызмет алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;
 - 4) мемлекеттік қызмет алушыға лицензия беру келісім беретін мемлекеттік о р г а н м е н к е л і с і л м е с е ;
 - 5) мемлекеттік қызмет алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса;
 - 6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың мемлекеттік қызмет алушыға лицензия алуына тыйым салса;
 - 7) электрондық ақпараттық ресурсты мемлекеттік қызмет алушыға қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сұрау салуды жіберген адамның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;
 - 8) сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оның кімнің иелігінде екені оған белгісіз болса;
 - 9) сұрау салудың мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы адамның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау м ү м к і н б о л м а ғ а н д а ;
 - 10) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсты сұратушы мемлекеттік қызмет алушы орындау шығыстарын төлемесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері болып табылады.
- Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет алушыға лицензия бермеген не лицензия беруден дәлелді бас тарту ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия берілген деп есептеледі.
- Уәкілетті орган лицензия беру мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызмет алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.
- Уәкілетті орган бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензияны бермеген жағдайда, лицензия алынды деп есептеледі, ал сол лицензияны алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат уәкілетті органның құжаттарды қабылдау күні туралы белгісі бар тізімдеменің к ө ш і р м е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .
- Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 7-тармағында белгіленген мерзімде мемлекеттік органда немесе электрондық құжат түрінде порталдағы «жеке кабинетінен» алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасымен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның немесе Министрліктің кеңсесі уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925-бөлмелер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары арқылы түсіндіреді және шағым даярлауға жәрдем көрсетеді.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты порталдың call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызмет телефоны бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым жазбаша түрде пошта арқылы не қолма-қол уәкілетті орган немесе Министрлік басшылығының атына осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін беріледі.

22. Тиісінше қызмет көрсетілмеуіне байланысты шағым жазбаша түрде пошта арқылы не уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ портал арқылы call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызмет алушының заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

24. Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым лицензия беру туралы өтініштің көшірмесімен қоса, еркін

н ы с а н д а

б е р і л е д і .

25. Шағым уәкілетті органның және (немесе) Министрліктің кеңсесінде, осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша тіркеледі.

Шағым берген адамға өтініштің қабылданған күні мен уақыты, оны қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көзделген м е р з і м д е қ а р а л а д ы .

Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің (не сенімхат бойынша өкілінің) өтініші бойынша пошта арқылы жіберіледі не қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтінішті жібергеннен кейін мемлекеттік органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат мемлекеттік қызметті алушыға «жеке кабинетінен» (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту) қ о л ж е т і м д і б о л а д ы .

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсынан алуға болады. «Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1. Уақытылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділігі			

3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылығы			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009

жылғы

«15»

желтоқсандағы

№

2121

қаулысымен

бекітілген

«Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) мына: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс мекенжайы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкіметтің»: www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал)

) а р қ ы л ы к ө р с е т е д і .

Бағалау қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтихандарын Қазақстан Республикасының әділет органдары мен бағалаушылар палаталарының өкілдерінен құрылған Бағалау қызметі жөніндегі біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) жүргізеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 3), 4) тармақшаларының, «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының, «Бағалау қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханынан өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 317 қаулысының, «Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 419 қаулысының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.minjust.kz интернет-ресурсында;

2) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат порталдың call-орталығының телефоны (1414) бойынша беріледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

1) біліктілік емтиханынан өткені туралы Комиссияның шешімін не емтиханнан өтпегені туралы Комиссияның хаттамасынан үзіндінің көшірмесін, лицензия беруден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді жауап беру;

2) уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңба қойған электрондық құжат нысанында мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны, қайта ресімдеуді, лицензия телнұсқасын www.elicense.kz порталында беру болып табылады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен р а с т а л а д ы .

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта

беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда телнұсқасы уәкілетті органда немесе портал арқылы беріледі.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жоғарғы оң жақ бұрышында жаңа нөмір бере отырып, лицензияның телнұсқасын береді.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген (ол болған кезде), оның атауы мен мекенжайы өзгерген кезде дара кәсіпкерді қайта тіркеу, оның мекенжайы мен атауы өзгерген кезде, заңды тұлға қосу, біріктіру, бөліп шығару немесе қайта ұйымдастыру нысанында қайта құрылған, заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген, сондай-ақ егер мұндай өзгеріс қызмет түрі және (немесе) кіші қызмет түрі шеңберінде орындалатын операциялар мәнінің өзгеруіне әкеп соқпағанда, қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі өзгерген жағдайда, қайта ресімделген лицензия беріледі.

Лицензиат төменде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет алушының уәкілетті органға немесе порталға жүгінген сәтінен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

біліктілік емтиханынан өту үшін олардың түскен күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей құрайды;

біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей дайындалады және үш жұмыс күні ішінде жіберіледі;

лицензия он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі;

лицензияның телнұсқасы өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде беріледі;

лицензия он жұмыс күні ішінде қайта ресімделеді;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет:

1) біліктілік емтиханын өткізу тегін көрсетіледі;

2) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау

жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру ақылы қолма-қол және (немесе) қолма-қол а қ ш а с ы з к ө р с е т і л е д і .

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін лицензиялық алым белгіленген. Лицензиялық алымның сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінде белгіленген ставкалар бойынша есептеледі және лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін алымды төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға, қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын беруге электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9 . Ж ұ м ы с к е с т е с і :

1) уәкілетті органда – мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін күн сайын к ө р с е т і л е д і .

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда тәулік бойы көрсетіледі.

10 . М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша жеке шығатын есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсатнама бойынша ғимаратқа кіру көзделген уәкілетті органның ғимаратында көрсетіледі. Біржолғы рұқсатнама тікелей қызмет көрсететін лауазымды тұлғаның телефон арқылы берген өтінімі б о й ы н ш а р е с і м д е л е д і .

Құқықтық тәртіпті сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы дабыл және басқа да қауіпсіздік шаралары бар. Кіреберіс есігі дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған;

2) порталда жеке кабинетте көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет алушы немесе оның уәкілетті өкілі мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың мынадай тізбесін:
у ә к і л е т т і о р г а н ғ а :
біліктілік емтиханынан өту үшін:

1) ө т і н і ш т і ;

2) «Бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімі және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімі туралы дипломның (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін – ж е к е т ұ л ғ а ү ш і н ;

3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін – жеке тұлға (немесе оның уәкілетті өкілі) ү ш і н ;

4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты ұсынады.
лицензияны, лицензияның телнұсқасын алу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) ө т і н і ш т і ;

2) заңды тұлға үшін – жарғысының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін төлнұсқасын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған), өтініш берушінің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін не а н ы қ т а м а н ы

3) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін – жеке тұлға үшін;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) өтініш берушіні салық органына есепке қою туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

6) «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) ө т і н і ш т і ;

2) «электрондық үкімет» төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) лицензияның және лицензияға қосымшаның (болған жағдайда) көшірмесін ұ с ы н а д ы .

П о р т а л д а :

лицензияны, лицензияның телнұсқасын алу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат н ы с а н ы н д а с ұ р а у с а л у д ы ;

2) сканерден өткізілген көшірме түріндегі жарғы электрондық сұрау салуға

қ о с а

б е к і т і л е д і ;

3) электрондық сұрау салуға қоса берілетін сканерден өткізілген көшірме түріндегі біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды;

м ы н а :

4) жеке тұлға үшін – мемлекеттік қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжаттың;

5) заңды тұлға үшін – өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін не анықтаманы;

6) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректерін;

7) лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық құжат нысанында алады.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушы:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанында сұрау салуды;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алымды бюджетке төлегені туралы мәліметті;

3) лицензияның және лицензияға қосымшаның деректері немесе сканерден өткізілген көшірме түріндегі лицензия мен лицензияға қосымша электрондық сұрау салуға қоса бекітіліп, ұсынылады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы электрондық құжат нысанында алады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.05.2013 № 487 қаулысымен .

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін:

1) мемлекеттік қызмет алушы біліктілік емтиханынан өту, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын алу үшін еркін нысанда өтініш береді, оның үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында орналастырылған;

2) лицензия беруге мемлекеттік қызмет алушы Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында көрсетілген «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулысымен бекітілген белгіленген үлгідегі өтінішті толтырады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау салу нысанын толтыру қажет.

13. Уәкілетті органда құжаттарды қабылдау поштамен жіберу арқылы жүзеге асырылады не уәкілетті органның кеңсесіне мына мекенжайға: 010000, Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021-бөлме тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық сұрау салуды жіберу мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады.

Сұрау салу автоматты түрде адресат мемлекеттік органға таңдап алынған қызметке сәйкес жіберіледі.

14. Осы стандарттың 11-тармақтарында көрсетілген құжаттардың қабылданғанын растау мемлекеттік қызмет алушыға күні мен уақыты, уәкілетті орган кеңсесінің құжатты қабылдаған қызметкерінің тегі мен аты-жөні көрсетілетін тізімдемені беру болып табылады.

Портал арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет алушыға мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салуды қабылдағаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Біліктілік емтиханына жіберу туралы хабарлама мемлекеттік қызмет алушыға пошта арқылы жіберіледі, біліктілік емтиханының өткізілу орны, күні және уақыты туралы хабарлау портал арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

Біліктілік емтиханынан өткені туралы Комиссияның шешімі не емтиханнан өтпегені туралы Комиссия хаттамасынан үзіндінің көшірмесі мемлекеттік қызмет алушыға өзі келген кезде қолма-қол мына: 010000, Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 112-114-бөлмелер мекенжайы бойынша беріледі.

Лицензияны беруден, қайта ресімдеуден, лицензияның телнұсқасын беруден бас тарту себептері туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызмет алушыға уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру электрондық Үкіметтің «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет алушыға «жеке кабинетке» жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіз ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеу және толық ұсынбау фактілерін белгілеу болып табылады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге

міндетті. Құжаттарды толық ұсынбаған фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

Е г е р :

1) субъектілердің осы санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрімен айналысса;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмесе;

3) мемлекеттік қызмет алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) мемлекеттік қызмет алушыға лицензия беру келісім беретін мемлекеттік органмен келісілмесе;

5) мемлекеттік қызмет алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрін жүзеге асыруға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болса;

6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың мемлекеттік қызмет алушыға лицензия алуына тыйым салса,

7) электрондық ақпараттық ресурсты мемлекеттік қызмет алушыға қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сұрау салуды жіберген адамның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

8) сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оның кімнің иелігінде екені оған белгісіз болса;

9) сұрау салудың мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы адамның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау мүмкін болмағанда;

10) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсты сұратушы мемлекеттік қызмет алушы орындау шығыстарын төлемесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері болып табылады.

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет алушыға лицензия бермеген не лицензия беруден дәлелді бас тарту ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап лицензия берілген деп есептеледі.

Уәкілетті орган лицензия беру мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызмет алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.

Уәкілетті орган бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензияны бермеген жағдайда, лицензия алынды деп есептеледі, ал сол лицензияны алғанға дейін қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңдылығын растайтын құжат уәкілетті органның құжаттарды қабылдау күні туралы белгісі бар тізімдеменің көшірмесі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 7-тармағында белгіленген мерзімде

мемлекеттік органда немесе электрондық құжат түрінде порталдағы «жеке кабинетінен» алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның немесе Министрліктің кеңсесі уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925-бөлмелер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары арқылы түсіндіреді және шағым даярлауға жәрдем көрсетеді.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты порталдың call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызмет телефоны бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым жазбаша түрде пошта арқылы не қолма-қол Уәкілетті орган немесе Министрлік басшылығының атына осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін беріледі.

22. Тиісінше қызмет көрсетілмеуіне байланысты шағым жазбаша түрде пошта арқылы не Уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ портал арқылы call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызмет алушының заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге

24. Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым лицензия беру туралы өтініштің көшірмесімен қоса, еркін нысанда беріледі.

25. Шағым уәкілетті органның және (немесе) Министрліктің кеңсесінде, осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша тіркеледі.

Шағым берген адамға өтініштің қабылданған күні мен уақыты, оны қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты шағымды қабылдаған адамнан не осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

Уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көзделген мерзімде қаралады.

Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің (не сенімхат бойынша өкілінің) өтініші бойынша пошта арқылы жіберіледі не қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтінішті жібергеннен кейін мемлекеттік органда өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат мемлекеттік қызметті алушыға «жеке кабинетінен» (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту) қолжетімді болады.

26. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсынан алуға болады. «Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			

2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматқа қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009

жылғы

15

желтоқсандағы

№ 2121 қаулысымен бекітілген

«Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) аумақтық әділет органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – уәкілетті органдар) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8, 8-1, 8-2, 9-баптарының, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 14) тармақшасының, 27-бабы 1) тармақшасының, 42, 43, 44, 45, 46, 47-баптарының, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат:

1) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша аумақтық әділет органдарының интернет-ресурстарында;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.minjust.kz интернет-ресурсында;

3) уәкілетті органның стенділерінде;

4) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпаратты сондай-ақ порталдың call-орталығының телефоны (1414) бойынша алуға болады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

уәкілетті органда – Комиссияның аттестаттау не аттестаттамау туралы шешімді беруі;

уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңба қойған электрондық құжат нысанында адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны порталда беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру немесе электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкін болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

Аттестаттаудан өтуге адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткен адамдар жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру мына санаттағы:

1) Комиссияда аттестаттаудан өткендерге адамдарға;

2) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдарға;

3) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдарға;

4) теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдарға жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет алушының уәкілетті органға жүгінген сәтінен бастап: уәкілетті органда аттестаттаудан өту тоқсанына бір рет жүзеге асырылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру: уәкілетті органға немесе порталға жүгінген сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет:

1) аттестаттаудан өткізу тегін көрсетіледі;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін лицензиялық алым белгіленген.

Лицензиялық алымның сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінде белгіленген ставкалар бойынша есептеледі және лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін алымды төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Адвокаттық қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға, қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын беруге электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда – мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы

мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін күн сайын көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда тәулік бойы көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органдардың ғимаратында көрсетіледі. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру жеке кіру есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсатнама бойынша жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдардың үй-жайларында күтуге арналған креслолар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналастырылған. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызмет алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген;

2) порталда жеке кабинетте көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Аттестаттаудан өту үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мынадай құжаттар тізбесін:

1) өтінішті;

2) жоғары заң білімі туралы дипломының (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамаларды;

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды) ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өту туралы Комиссияның шешімін (шешім электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

5) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтаманың көшірмесін (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);

5) сотта тағылымдамадан өткені және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірі туралы құжаттың (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

б) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамаларды;

8) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) ө т і н і ш т і ;
- 2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) сот лауазымына тағайындау және сот лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының көшірмесін;
- 4) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) к ө ш і р м е с і н ;
- 5) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық а н ы қ т а м а л а р д ы ;

- б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы а н ы қ т а м а н ы ұ с ы н а д ы .

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) ө т і н і ш т і ;
- 2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) к ө ш і р м е с і н ;
- 3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 4) прокуратура немесе тергеу органдарында жұмыс өтілін растайтын немесе атқарған лауазымынан босатылу себебін қамтитын еңбек кітапшасының немесе өзге құжатының (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) көшірмелерін;
- 5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);
- б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің

тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген кезде (болған кезде) жағдайда жүзеге асырылады.

Лицензиат қайта ресімдеу туралы өтінішті төменде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды:

1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті;
2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) тегін, атын және әкесінің атын ауыстырғанын растайтын куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) лицензияның түпнұсқасын (лицензиат қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін лицензиарға бұрын берілген лицензияны қайтарады);

6) үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензиясы жоғалған, бүлінген жағдайда лицензияның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Егер лицензия қағаз тасығышта берілген болса, лицензиат телнұсқасын алмай-ақ, өтініш бойынша оны электрондық форматқа көшіруге құқылы.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жоғарғы оң жақ бұрышында жаңа нөмір бере отырып, лицензияның телнұсқасын береді.

Лицензияның телнұсқасын беру үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды:

1) лицензияның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, адвокаттық қызмет түрлерімен айналысуға бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

4) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның телнұсқасын алғанға дейін лицензиарға бұрын берілген лицензияны қайтарады);

5) лицензияның жоғалғанын растайтын құжатты;

6) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

П о р т а л д а :

мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды ұсынады.

Қ ұ ж а т т а р д ы ң д е р е к т е р і :

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының;

2) жоғары заң білімі туралы дипломының (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

3) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

4) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді;

5) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

6) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған

адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттының;
- 2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;
- 3) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 5) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтаманың (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 6) сотта тағылымдамадан өткені және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірі туралы құжатты (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 7) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттының;
- 2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;
- 3) сот лауазымына тағайындау және сот лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығын (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 5) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - теріс себептермен босатылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан босатылған адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын

қ ұ ж а т ы н ы ң ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) прокуратура немесе тергеу органдарында жұмыс өтілін растайтын немесе атқарған лауазымынан босатылу себебін қамтитын еңбек кітапшасын немесе өзге құжатын (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

б) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды :

1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) тегін, атын және әкесінің атын ауыстырғанын растайтын куәліктің көшірмесі (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) лицензияның түпнұсқасын (лицензиат қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін лицензиарға бұрын берілген лицензияны қайтарады);

б) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Лицензияның телнұсқасын беру үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды :

1) мемлекеттік қызмет алушы - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда лицензиат

лицензияның телнұсқасын алғанға дейін лицензиарға бұрын берілген лицензияны қайтарады);

5) лицензияның жоғалғанын растайтын құжатты (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады;

6) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжаттар нысанында өз бетінше алады.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін:
уәкілетті органдарда:

1) аттестаттаудан өту үшін еркін нысанда өтініш береді, оның үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында орналастырылған;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беруге мемлекеттік қызмет алушы «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулысымен бекітілген белгіленген үлгідегі өтінішті толтырады, оның үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау салу нысанын толтыру қажет.

13. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі аттестациялық комиссия жүргізетін аттестаттауға құжаттарды қабылдауды осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органының кеңсесі жүзеге асырады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға құжаттарды қабылдау және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің кеңсесі жүзеге асырады.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау мемлекеттік қызмет алушының жеке кабинетінде жүзеге асырылады.

14. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесін көрсетілген орган құжаттардың қабылданған күнін көрсете отырып, өтініш берушіге жібереді (береді).

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет алушының порталдағы жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі, онда мемлекеттік қызмет алушының мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіледі.

15. Аттестаттаудан өткені туралы не өтпегені туралы шешім осы стандарттың

2, 3-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша аттестаттау өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей беріледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден:

1. Уәкілетті органда егер:

1) осы стандарттың 11-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар ұсынылмаған;

2) субъектілердің осы санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрімен айналысқан;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмеген;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;

6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың өтініш берушіге лицензия алуына тыйым салған жағдайларда бас тартылады.

2. Порталда:

ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленуші, егер:

1) сұрау салынатын электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сұрау салуды жіберген адамның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

2) сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оның кімнің иелігінде екені оған белгісіз болса;

3) сұрау салудың мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы адамның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау мүмкін болмаса;

4) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсты сұратушы адам сұрау салуды орындау шығыстарын төлемесе;

5) сұрау салу «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе сұрау салуды орындаудан бас тартарды.

Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Құжаттардың толық ұсынылмаған фактісі анықталған жағдайда лицензиар өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызмет алушы осы тармақта белгіленген мерзімде мемлекеттік органда не электрондық құжат түрінде порталдағы жеке кабинетінен алады.

Ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленушісі сұрау салуды жіберген адамға бес жұмыс күні ішінде осы стандарттың 2-тармағы 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы хабарлайды.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын орындаған кезде заңдылықтың сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандарттың 4-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Әділет министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңсесі уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925 бөлмелер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары арқылы түсіндіреді және шағым даярлауға жәрдем көрсетеді.

Портал жұмысының әрекеттеріне шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталықтың телефоны (1414) бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, ш а ғ ы м :

1) уәкілетті органдарға «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгіну арқылы мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша жіберіледі. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2) Порталда call-орталықтың телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тиісінше қызмет көрсетілмеуіне шағымды мемлекеттік қызмет алушы:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгіну арқылы жіберіледі. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен басшыларының телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2) Порталда call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы:

1) уәкілетті органдарға «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгінеді. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен басшыларының телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2) Порталда call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызмет алушы заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

24. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электрондық түрде не уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағым уәкілетті орган басшысының атына беріледі, басшылардың мекенжайы мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Қажет болғанда мемлекеттік қызмет алушы шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуін немесе оның қызметкерінің тиісінше қызмет көрсетпеуін растайтын құжаттарды қоса тіркейді.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болғанда), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызмет алушы қол қоюға тиіс. Шағымды берген кезде әрекетіне шағым жасалып жатқан лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптар көрсетіледі.

25. Шағымның уәкілетті органда қолма-қол және пошта арқылы түскенін растау оның Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде (ЭҚАБЖ) тіркелуі болып табылады, уәкілетті органның кеңсесінде мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта қойылады.

Субъектіге тікелей жазбаша жүгінген мемлекеттік қызмет алушыға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымның қаралу нәтижелері туралы мемлекеттік қызмет алушыға пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

Порталда:

портал арқылы электрондық өтініш жіберілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінде өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту) мемлекеттік қызмет алушының жеке кабинетінен қолжетімді болады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет-ресурс: www.minjust.kz.

«Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары

Р/с №	Уәкілетті органның атауы	Уәкілетті органның орналасқан мекенжайы	Телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Ақмола облысының Әділет департаменті	Көкшетау қаласы, М. Горький көшесі, 37	8 (7162) 41-21-65	(87162) 40-23-21
2	Алматы облысының Әділет департаменті	Талдықорған қаласы, Қабылиса Жырау көшесі, 69 а	8 (7282) 24-43-47	(87132) 56-30-80
3	Ақтөбе облысының Әділет департаменті	Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, 51 а	8 (7132) 56-30-16	(87282) 21-08-15
4	Атырау облысының Әділет департаменті	Атырау қаласы, Баймұқанов көшесі, 16 а	8 (7122) 46-53-15 46-53-12	(87122) 35-75-38
5	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 6 үй	8 (7232) 55-59-26	(87232) 75-46-33
6	Жамбыл облысының Әділет департаменті	Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, 158 а	8 (7262) 43-67-17	(87262) 43-05-05

7	Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	Орал қаласы, Достық көшесі, 208	8 (7112) 50-82-91	(87112) 51-50-55
8	Қарағанды облысының Әділет департаменті	Қарағанды қаласы, Прогресс көшесі, 1	8 (7212) 56-64-12	(87212) 42-02-13
9	Қостанай облысының Әділет департаменті	Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38	8 (7142) 50-65-40	(87142) 54-82-23
10	Қызылорда облысының Әділет департаменті	Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29	8 (7242) 23-03-57	(87242) 27-04-72
11	Маңғыстау облысының Әділет департамент	Ақтау қаласы, 2 шағын аудан, 8	8 (7292) 50-32-20	(87292) 42-11-17
12	Павлодар облысының Әділет департаменті	Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18	8 (7182) 32-43-02	(87182) 32-09-55
13	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 72	8 (7152) 33-27-53	(87152) 33-26-35
14	Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16	8 (7252) 23-31-70	(87252) 23-23-76
15	Алматы қаласының Әділет департаменті	Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 287	8 (727) 392-16-16	(87272) 91-88-44
16	Астана қаласының Әділет департаменті	Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 15	8 (7172) 48-88-36	(87172) 32-55-22
17.	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті	Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, № 8 www.minjust.kz	8 (7172) 74-07-87	(87172) 74-02-76

«Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Комиссияның үміткерді адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау туралы шешімі

_____ қаласы 20____ ж. «____» _____

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудың нәтижелері бойынша

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл
емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы комиссия:

Төраға

Мүшелері

_____ аттестатталсын деп шешті.

(Т.А.Ә.)

Комиссияның төрағасы

Комиссияның хатшысы

«Адвокаттық қызметпен айналысуға
аттестаттаудан өткізу және лицензия беру,
қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

**Комиссияның адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткерді аттестаттамау туралы шешімі**

_____ қаласы 20__ ж. «__» _____

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудың нәтижелері бойынша

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл
емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы комиссия:

Төраға

Мүшелері

_____ аттестаттаудан өтпеді деп шешті.

(Т.А.Ә.)

Комиссияның төрағасы

Комиссияның хатшысы

«Адвокаттық қызметпен айналысуға
аттестаттаудан өткізу және лицензия беру,
қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			

1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматқа қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2121 қаулысымен бекітілген

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) аумақтық әділет органдары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – уәкілетті органдар) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда «электрондық үкіметтің»: www.e.gov.kz веб-порталы арқылы немесе «

Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6, 7, 7-1, 7-2, 8, 9-баптары, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 14) тармақшасы, 27-бабы 2) тармақшасы, 42, 43, 44, 45, 46, 47-баптары және «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат:

1) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша аумақтық әділет органдарының интернет-ресурстарында;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.minjust.kz интернет-ресурсында;

3) уәкілетті органда стенділерде;

4) порталда орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат сондай-ақ порталдың call-орталығының телефоны (1414) бойынша беріледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:
уәкілетті органда – Комиссияның аттестаттау не аттестаттамау туралы шешімді беруі;

порталда: уәкілетті органның уәкілетті тұлғасы электрондық цифрлық қолтаңба қойған электрондық құжат нысанында нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру немесе электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

Аттестаттаудан өтуге жеке тәжірибемен айналысатын нотариустардан немесе мемлекеттік нотариустардан тағылымдамадан өткен адамдар жіберіледі.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру мына санаттағы:

- 1) Комиссияда аттестаттаудан өткен адамдарға;
- 2) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға;
- 3) тұрақты судьяларға;
- 4) өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдарға;
- 5) мемлекеттік нотариустарға жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- 1) мемлекеттік қызмет алушының уәкілетті органға жүгінген сәтінен бастап: уәкілетті органда аттестаттаудан өту тоқсанына бір рет жүзеге асырылады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру:

уәкілетті органға немесе порталға жүгінген кезде он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады;

2) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды;

3) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет:

1) аттестаттаудан өткізу тегін көрсетіледі;

2) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін лицензиялық алым белгіленген. Лицензиялық алымның сомасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінде белгіленген ставкалар бойынша есептеледі және лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін алымды төлеушінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға, қайта ресімдеуге, лицензияның телнұсқасын беруге электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда – мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден

14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін күн сайын көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталда тәулік бойы көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет:

1) осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша уәкілетті органдардың ғимаратында көрсетіледі. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру жеке кіру есігі бар рұқсаттама бюросы беретін біржолғы рұқсатнама бойынша жүзеге асырылады.

Уәкілетті органдардың үй-жайларында күтуге арналған креслолар, толтырылған бланкілердің үлгілері бар ақпараттық стенділер орналастырылған. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызмет алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген;

2) порталда жеке кабинетте көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Аттестаттаудан өту үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға:

1) өтінішті;

2) жоғары заң білімі туралы дипломының (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды) ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өту туралы Комиссияның шешімін (шешім электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

4) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

5) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтер көрсетіле отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтаманың (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар -тұрақты судьялар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті;

2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ;

4) лицензиарға ұсынылғанға дейінгі бір айдан асырылмай берілген өтініш берушінің судья лауазымындағы жұмысын растайтын анықтаманы;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды) ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті ;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының көшірмесін;

5) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды);

6) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады .

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар -мемлекеттік нотариустар уәкілетті органға мыналарды:

1) өтінішті ;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) мемлекеттік нотариус ретінде жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды

куәландырылған)

көшірмесін;

5) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензияны қайта ресімдеу жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген кезде (болған кезде) жүзеге асырылады.

Қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензиат төменде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушы уәкілетті органдарға:

1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті;

2) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;

3) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) лицензияның түпнұсқасын (лицензиат қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін бұрын берілген лицензияны лицензиарға қайтарады);

5) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;

б) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Лицензиясы жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиаттың лицензияның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Егер лицензия қағаз тасығышта берілген болса, лицензиат телнұсқасын алмай-ақ, өтініш бойынша оны электрондық форматқа көшіруге құқылы.

Лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде және жоғарғы оң жақ бұрышында жаңа нөмір бере отырып, лицензияның телнұсқасын береді.

Лицензияның телнұсқасын беру үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органдарға мыналарды:

- 1) лицензияның телнұсқасын беру туралы өтінішті;
- 2) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 4) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның телнұсқасын алғанға дейін лицензиарға бұрын берілген лицензияны қайтарады);
- 5) лицензияның жоғалғанын растайтын құжатты;
- 6) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды;
- 7) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

П о р т а л д а :

мемлекеттік қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды ұсынады.
құжаттардың деректері:

лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар – тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен адамдар уәкілетті органға мыналарды:

- 1) мемлекеттік қызмет алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының;
- 2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;
- 3) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді;
- 4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 5) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткені туралы Комиссияның шешімі (шешім электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);
- 6) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады./

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар -Қазақстан

Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) мемлекеттік қызмет алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т т ы н ы ң ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтама (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қ о с а т і р к е л е д і) ;

б) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады;

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар – тұрақты судьялар уәкілетті органға мыналарды:

1) мемлекеттік қызмет алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т т ы н ы ң ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) тағылымдамадан өткені туралы қорытынды (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) лицензиарға ұсынылғанға дейінгі бір айдан асырылмай берілген өтініш берушінің судья лауазымындағы жұмысын растайтын анықтаманы (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұ с ы н а д ы .

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар - өз міндеттерін орындау кезінде атына нұқсан келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар уәкілетті органға мыналарды:

1) мемлекеттік қызмет алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т т ы н ы ң ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда ұсынылмайды не электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) лицензиарға ұсынылғанға дейінгі бір айдан асырылмай берілген өтініш берушінің судья лауазымындағы жұмысын растайтын анықтаманы (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

6) судья лауазымына тағайындау және судья лауазымынан босату туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының көшірмесін (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

7) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді ұсынады.

Лицензия алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар – мемлекеттік нотариустар уәкілетті органға мыналарды :

1) мемлекеттік қызмет алушы – жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарының ;

2) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

3) соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді;

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) мемлекеттік нотариус ретінде жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасын (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі) ұсынады .

Лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды :

1) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

2) лицензияның түпнұсқасын (лицензиат қайта ресімделген лицензияны алғанға дейін бұрын берілген лицензияны лицензиарға қайтарады);

3) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтері ұсыналады.

Лицензияның телнұсқасын беру үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға мыналарды :

1) лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы ақпаратты;

2) лицензияның түпнұсқасын (лицензия бүлінген жағдайда лицензиат лицензияның телнұсқасын алғанға дейін бұрын берілген лицензияны

лицензияға

қайтарады);

3) лицензияның жоғалғанын растайтын құжатты (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

4) республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтамаларды (электрондық сканерден өткізілген көшірме түрінде электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі);

5) соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтері ұсыналады.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы ЭЦҚ қойылған электрондық құжаттар нысанында өз бетінше алады.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін:
уәкілетті органдарда:

1) аттестаттаудан өту үшін еркін нысандағы өтініш береді, оның үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында орналастырылған;

2) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия беруге мемлекеттік қызмет алушы «Лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 қаулысымен бекітілген белгіленген үлгідегі өтінішті толтырады, оның үлгісі Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау салу нысанын толтыру қажет.

13. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділеттің аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жүргізетін аттестаттауға құжаттарды қабылдауды облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтық әділет органдарының кеңсесі осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына құжаттарды қабылдау және лицензияны беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқасын беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің кеңсесі жүзеге асырады.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

14. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесін көрсетілген орган құжаттардың қабылданған күнін көрсете отырып, өтініш берушіге жібереді (береді).

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі, онда мемлекеттік қызмет алушының

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіледі.

15. Аттестаттаудан өткені не аттестаттаудан өтпегені туралы шешім осы стандарттың 2, 3-қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша аттестаттау өткізілгеннен кейін келесі күні беріледі.

Порталдағы жеке кабинетте сұрау салуды өз бетінше жіберген кезде беріледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден:

1. Уәкілетті органда егер:

1) осы стандарттың 11-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаған;

2) субъектілердің осы санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрімен айналысқан;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым енгізілмеген;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

5) өтініш берушіге қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;

6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың өтініш берушіге лицензия алуына тыйым салған жағдайларда бас тартылады.

2. Порталда:

ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленуші, егер:

1) сұрау салынатын электрондық ақпараттық ресурсқа қатысты қол жетімділікке шектеулер болғанда және сұрау салуды жіберген адамның сұратылған электрондық ақпараттық ресурсқа қол жеткізу құқығы болмаса;

2) сұратылған электрондық ақпараттық ресурс болмаса және оның кімнің иелігінде екені оған белгісіз болса;

3) сұрау салудың мәнін нақтылау кезінде сұрау салушы адамның нақты қандай электрондық ақпараттық ресурсты беру туралы өтінім жасағанын анықтау мүмкін болмаса;

4) егер шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделсе, электрондық ақпараттық ресурсты сұратушы адам орындаушығыстарын төлемесе;

5) сұрау салу «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе сұрау салуды орындаудан бастартады.

6) Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Құжаттардың толық ұсынылмаған фактісі анықталған жағдайда лицензиар өтінішті әрі қарай қарастырудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік қызмет алушы осы стандарттың 1-тармағында белгіленген мерзімде мемлекеттік органда немесе электрондық құжат түрінде порталдағы «жеке кабинетінен» алады.

Ақпараттық жүйенің меншік иесі немесе иеленуші сұрау салуды жіберген адамға бес жұмыс күні ішінде осы стандарттың 2-тармағы 1-тармақшасында көзделген негіздер бойынша сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы хабарлайды.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті органның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқару кезінде заңдылықтың сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз етуқағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Уәкілетті органның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңсесі уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Астана қаласы, Орынбор к., № 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, 13-кіреберіс, № 1021 және (немесе) № 925 бөлмелер мекенжайы бойынша, сондай-ақ 8 (7172) 74-07-68, 74-07-97 телефондары арқылы түсіндіреді және шағым даярлауға жәрдем көрсетеді.

Портал жұмысының әрекеттеріне шағымдану тәртібі туралы ақпаратты call-орталық телефоны (1414) бойынша алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, шағым:

1) уәкілетті органдарға «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-

ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгіну арқылы мемлекеттік қызмет алушының таңдауы бойынша жіберіледі. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен басшыларының телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2) Порталда call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

22. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тиісінше қызмет көрсетілмеуіне шағымды мемлекеттік қызмет алушы:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетіне «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгіну арқылы жіберіледі. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен басшыларының телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген;

2) порталда call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жіберіледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы:

1) уәкілетті органдарға «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түске үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін жүгінеді. Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен басшыларының телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2) порталда call-орталық телефонының нөмірі (1414) бойынша жүгінеді.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет алушы заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

24. Шағымдар ауызша немесе жазбаша нысанда пошта арқылы немесе қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда электрондық түрде не уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағым уәкілетті орган басшысының атына беріледі, басшылардың мекенжайы мен телефондары осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

Қажет болғанда мемлекеттік қызмет алушы шағымға уәкілетті органның мемлекеттік қызметті сапасыз көрсетуін немесе оның қызметкерінің тиісінше қызмет көрсетпеуін растайтын құжаттарды қоса тіркейді.

Шағымда тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болғанда), пошталық мекенжайы, күні көрсетіледі. Шағымға мемлекеттік қызмет алушы қол қоюға тиіс. Шағымды берген кезде әрекетіне шағым жасалып жатқан лауазымды тұлғаның тегі мен аты-жөні, жүгіну себептері мен талаптар көрсетіледі.

25. Уәкілетті органда қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылданғанын растау оның Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде (ЭҚАБЖ) тіркелуі болып табылады, уәкілетті органның кеңсесінде мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта қойылады.

Субъектіге тікелей жазбаша жүгінген мемлекеттік қызмет алушыға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Шағымның қаралу нәтижелері туралы мемлекеттік қызмет алушыға пошта арқылы жазбаша түрде хабарланады.

П о р т а л д а :

портал арқылы электрондық өтініш жіберілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінде өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту) мемлекеттік қызмет алушының жеке кабинетінен қолжетімді болады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, № 8 үй, интернет-ресурс: www.minjust.kz.

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары

№	Уәкілетті органның атауы	Орналасқан мекенжайы және электрондық мекенжайы	Телефон нөмірі	Басшының телефон нөмірі
1	2	3	4	5
1	Астана қаласының Әділет департаменті	010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 15 www.astanajust.kz	(87172) 39-12-13	(87172) 32-55-22
2	Алматы қаласының Әділет департаменті	050000, Алматы қаласы, Зенков көшесі, 47 www.justalmaty.kz	(87272) 91-88-16	(87272) 91-88-44
3	Ақмола облысының Әділет департаменті	020000, Көкшетау қаласы, М.Горький көшесі, 37 Akmola_just@mail.ru	(87162) 25-29-16	(87162) 40-23-21

4	Алматы облысының Әділет департаменті	040000,Талдықорған қаласы, Қаблица Жырау көшесі, 69 «а» propaganda_ust@mail.ru	(87282) 24-32-54	(87282) 21-08-15
5	Ақтөбе облысының Әділет департаменті	0300000, Ақтөбе қаласы, Әбілхайыр хан даңғылы, «а»otd_pravo@mail.ru	(87132) 56-22-26	(87132) 56-30-80
6	Атырау облысының Әділет департаменті	060000, Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 140-үй aqilet_qep37@mail.ru	(87122) 35-75-37	(87122) 35-75-38
7	Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті	070000, Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 6justvko@ustk.kz	(87232) 22-19-83	(87232) 75-46-33
8	Жамбыл облысының Әділет департаменті	080000, Тараз қаласы, Достық алаңы Әділет үйі depjust-taraz.kz	(87262) 51-35-45	(87262) 43-05-05
9	Батыс Қазақстан облысы Әділет департаменті	090000, Орал қаласы, Достық көшесі, 208 Uralsk_DU@mail.ru	(87112) 42-05-33	(87112) 51-50-55
10	Қарағанды облысының Әділет департаменті	1000000, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 72/2-үй du_karaganda51@mail.ru.	(87212) 42-05-33	(87212) 42-02-13
11	Қостанай облысының Әділет департаменті	110000, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 38 kost_just@minjust.kz	(87142) 53-11-38	(87142) 54-82-23
12	Қызылорда облысының Әділет департаменті	120000, Қызылорда қаласы, Әйтеке Би көшесі, 29 www.adiletqyzylorda.kz	(87242) 27-04-72	(87242) 27-04-72
13	Маңғыстау облысының Әділет департаменті	130000, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан 1 1 . www depjust_mangistau.kz	(87292) 42-05-70	(87292) 42-11-17
14	Павлодар облысының Әділет департаменті	140000, Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 18propaganda_08@mail.ru	(87182) 32-73-10	(87182) 32-09-55
15	Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	150000, Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 72 www.dj-sko.kz	(87152) 33-26-35	(87152) 33-26-35
16	Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті	160000, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 16ukodu@mail.ru	(87252) 33-79-29	(87252) 23-23-76
17	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті	Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, № 8 www.minjust.kz	(87172) 74-07-87	(87172) 74-02-76

«Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттаудан өткізу және лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына
2-қосымша

Комиссияның нотариаттық қызметпен

айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы шешімі _____

_____ қаласы 20 _____ жылғы « _____ » _____

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері бойынша

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл

емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

_____ аттестатталсын деп шешті.

(Т.А.Ә.)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

«Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына аттестаттаудан өткізу және
лицензия беру, қайта ресімдеу,
лицензияның телнұсқасын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
3-қосымша

**Комиссияның нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы шешімі**

_____ қаласы 20_____ жылғы « ____ » _____

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері бойынша

(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша _____ балл

емтихан билеті бойынша _____ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

шешім шығарды:

_____ аттестаттаудан өтпеді деп саналсын.

(Т.А.Ә.)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

«Нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына аттестаттаудан өткізу және
лицензия беру, қайта ресімдеу,

лицензияның телнұсқасын беру»
 мемлекеттік қызмет стандартына
 4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылғы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есептік жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматқа қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2009 жылғы «15»

желтоқсандағы

№ 2121 қаулысымен

бекітілген

«Сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Қаулы стандартпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.06 N 1160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. «Сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган): 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8 үй, Министрліктер үйі, 13 кіреберіс заңды мекенжайы бойынша, сонымен қатар мемлекеттік қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы немесе www.e.licence.kz «Е-лицензирование» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 30-бабы;

2) «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабы;

3) «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 15-бабы;

4) «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 маусымдағы қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің www.minjust.kz интернет-ресурсында «Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету» бөлімінде орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты 8 (7172) 58-00-58 телефоны (Министрліктің Құқықтық ақпараттық қызметі) арқылы алуға болады;

2) порталда.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпарат call-центр телефоны (1414) арқылы да берілуі мүмкін.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

электрондық құжат нысанында уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сымен куәландырылған сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не қызмет

көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Лицензия электрондық нысанда беріледі. Мемлекеттік қызметті алушы немесе лицензиат лицензияны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия қағаз жеткізгіште беріледі.

Лицензия жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиаттың лицензияның телнұсқаларын уәкілетті органда немесе порталда алуға құқығы бар.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, лицензиат телнұсқаны алмастан, оны өтініш бойынша электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензия жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі.

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның телнұсқаларын береді.

Егер жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген жағдайда лицензияны қайта ресімдеу қажет.

Қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың лицензияларды қайта ресімдеу кезінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растай отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) уәкілетті органға жүгінген кезде: мемлекеттік қызметті алушының осы стандарттың 11-тармағында белгіленген лицензия беру үшін қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

лицензияның телнұсқасын беру – өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні үшінде;

лицензияны оны қайта ресімдеу жағдайында беру – өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні үшінде;

мемлекеттік қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

мемлекеттік қызметті тұтынушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

2) порталға жүгінген кезде: мемлекеттік қызметті алушының осы стандарттың 11-тармағында белгіленген

лицензия беру үшін қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

лицензияны оны қайта ресімдеу жағдайында беру – өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні үшін.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Мемлекетті қызметті көрсету үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексінің) 471-бабына сәйкес жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін:

1) лицензия беру үшін – 6 айлық есептік көрсеткішті;

2) лицензияның телнұсқасын беру үшін – лицензияны беру кезіндегі ставканың 100%;

3) лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензияны беру кезіндегі ставканың 10%, бірақ 4 АЕК-тен артық емес соманы құрайтын лицензиялық алым алынады.

Лицензиялық алым төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжатты (түбіртекті) беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді.

Сот сараптама қызметі саласында лицензия алу, лицензияны қайта ресімдеу үшін портал арқылы электрондық сұрау салынған жағдайда төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) арқылы жүргізіледі.

9. Жұмыс кестесі:

1) уәкілетті органда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мейрам күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүргізіледі;

2) порталда – тәулік бойы.

10. Құжаттарды толтыру орны қажетті құжаттар тізбесімен және оларды толтыру үлгілерімен жабдықталған.

Мемлекеттік қызметті беру үшін қажетті (құжатты толтыруға арналған орындар, күтуге арналған орындықтар қажетті құжаттардың тізімі бар стендтер және оларды толтыру үлгілерімен жабдықталады) құжаттарды әзірлеу және күту үшін жағдайлар жасалады. Уәкілетті органның ғимараты «Министрліктер үйі» мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қол жетімділігі үшін пандустармен жабдықтаған.

Порталда –жеке кабинетінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы не оның өкілі (сенімхат бойынша) уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

уәкілетті органға жүгінген кезде:

лицензия алу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

- 1) осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес, белгіленген нысандағы өтінішті;
- 2) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) мемлекеттік қызметті алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 4) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 5) жоғары білім дипломның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 6) біліктілік емтихан тапсырғанын растайтын куәлігінің көшірмесін;
- 7) кемінде бес жыл сот-сараптамалық жұмыс стажын растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 8) республика бойынша мәліметтері көрсетіліп, тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамаларды;
- 9) республика бойынша мәліметтері көрсетіліп, тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқ екендігі туралы анықтаманы;
- 10) «Сот сараптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қарашадағы № 1414 қаулысымен бекітілген сот сараптамасы өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарда көзделген арнайы жабдықтарды растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ұсынады;

лицензияның телнұсқасын алу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

- 1) осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, белгіленген нысандағы өтінішті;
- 2) жеке басты куәландыратын құжатты;
- 3) мемлекеттік қызметті алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 4) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін ұсынады;

лицензияны қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызметті алушы:

- 1) осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес, белгіленген нысандағы өтінішті;
- 2) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) мемлекеттік қызметті алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 4) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 5) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесін;
- 6) лицензияның түпнұсқасын (лицензиат қайта ресімделген лицензияны алу үшін бұрын берілген лицензияны қайтарады) ұсынады;
порталға жүгінген кезде:
мемлекеттік қызметті алушы лицензияны алу үшін:

- 1) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды;
- 2) мемлекеттік қызметті алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлік сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 3) жоғары білім дипломның сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 4) біліктілік емтихан тапсырғанын растайтын куәлігінің сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 5) кемінде бес жыл сот-сарапшылық жұмыс стажын растайтын құжаттың сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 6) «Сот сараптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қарашадағы № 1414 қаулысымен бекітілген сот сараптамасы өндірісі жүзеге асырылатын арнайы жарақтандырылған үй-жайларға қойылатын стандарттар мен талаптарда көзделген арнайы жабдықтарды растайтын құжаттың сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 7) жеке басты куәландыратын құжатты;
- 8) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленгенін растайтын ақпаратты жібереді.

Мемлекеттің электрондық ақпаратта көрсетілген осы стандарттың тармақтың 7) және 8)-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың мәліметтерін уәкілетті орган тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті тұлға ЭЦҚ-мен куәландырған (қойған) электрондық құжат нысанында алады;
мемлекеттік қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін:

- 1) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салуды;

- 2) мемлекеттік қызметті алушының салық органында есепке тұрғаны туралы куәлік сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 3) атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды;
- 4) жеке басты куәландыратын құжатты;
- 5) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның ЭҮТШ арқылы төленгенін растайтын ақпаратты;
- 6) лицензияның мәліметі (www.elicense.kz порталда болған кезде) не сканерленген көшірме ретінде қоса берілген электрондық сұрау салуды жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған стандарттың осы тармағының 3), 4), 5) және 6) - тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді уәкілетті орган дербес портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырған (қойған) электрондық құжат нысанында алады.

12. Өтініш бланкілерін жауапты тұлға береді, сонымен қатар Әділет министрлігінің: www.minjust.kz интернет-ресурсында («Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету» бөлімінде), порталдың: www.e.licence.kz, www.e.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылады.

13. Қажетті құжаттардың толық тізбесі тіркеу үшін мына мекенжай бойынша тапсырылады: Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, Министрліктер үйі, 8 үй, 13 кіреберіс, 1021 кабинет, телефон: 8 (7172) 74-07-84.

Порталға жүгінген кезде электрондық құжат нысанындағы сұрау салу мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетінен» жүзеге асырылады. Сұрау салу таңдалған мемлекеттік қызметке сәйкес автоматты түрде уәкілетті органның мекенжайына жіберіледі.

14. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың қабылданғанын растау мемлекеттік қызметті алушыға құжаттарды қабылдаған уәкілетті орган кеңсесі қызметкерінің аты-жөні, күні мен уақыты көрсетілген тізбе болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Уәкілетті органда сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру мемлекеттік қызметті алушының жеке өзіне немесе оның өкіліне тиісті түрде куәландырылған сенімхатты ұсынғанда жүзеге асырылады не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.

Порталға жүгінген кезде қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

16. Лицензия беруден бас тарту, егер:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің осы түрімен айналысуға тыйым салынған;
- 2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленбеген;
- 3) мемлекеттік қызметті алушы біліктілік талаптарына сай келмеген;
- 4) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты оған сот-сараптамалық қызметпен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;
- 5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот мемлекеттік қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушы құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттардың толық емес фактілері анықталған жағдайда уәкілетті орган аталған мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

Егер уәкілетті орган белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті алушыға лицензияны бермеген не лицензияны беруден дәлелді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап лицензия берілді деп есептеледі.

Уәкілетті орган лицензияны беру мерзімдері өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік қызметті алушыға тиісті лицензияны беруге міндетті.

Уәкілетті орган лицензияны бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензия алынды деп есептеледі, ал лицензияның өзі алынғанға дейін уәкілетті орган құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі соғылған тізімдеменің көшірмесі лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың заңды екенін растайтын құжат болып табылады.

Лицензия беруден бас тартылған кезде мемлекеттік қызмет алушыға лицензия беруге белгіленген мерзім ішінде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты порталда электрондық құжат нысанында «жеке кабинетінде» алады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті орган қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышты өтеу кезінде заңдылықты сақтауға негізделеді және әдептілік, толық

ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшейді.

19. Министрліктің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен қол жетімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің тиісті бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді және шағымды дайындауға көмектесуді уәкілетті орган кеңсесінің қызметкерлері жүзеге асырады, электрондық пошта мекенжайы: krs.opp@minjust.kz.

Мемлекеттік қызметті алушы порталға жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты ақпарат-анықтамалық қызметтің call-центр телефоны (1414) арқылы алады.

21. Уәкілетті орган осы мемлекеттік қызметті көрсетуді ұйымдастыруға жауапты болып табылады. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым уәкілетті орган басшысының атына 1005 кабинетіне, электрондық пошта мекенжайы: krs.opp@minjust.kz, немесе жазбаша түрде мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде уәкілетті органның кеңсесіне жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін беріледі.

22. Мемлекеттік қызметті тікелей уәкілетті орган көрсетеді. Тиісінше қызмет көрсетілмеген жағдайда жазбаша түрдегі шағым өтініште көрсетілген мәселелерді шешу құзіретіне кіретін Министрліктің уәкілетті органының басшысы атына жіберіледі, электрондық пошта мекенжайы: krs.opp@minjust.kz, 1005-кабинет, жұмыс кестесі – жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс күндері – сенбі, жексенбі және мейрам күндері.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

24. Шағым жеке тұлға үшін – аты, әкесінің аты, тегі, пошталық мекенжайы, заңды тұлға үшін – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі, күні көрсетілетін еркін нысанда беріледі.

Шағымға мемлекеттік қызметті алушы қол қояды не ЭЦҚ-пен расталады.

Шағым берілгенде әрекетіне шағым жасалатын лауазымды тұлғаның лауазымы, аты-жөні, өтініш уәжі және талаптары көрсетіледі.

25. Қолма-қол қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалар өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

Қабылданған шағым шағымдар мен өтініштерді есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады. Шағымның қабылдағанын растау шағымды қабылдаған тұлғаның аты-жөні, күні мен уақыты көрсетілген талон болып табылады.

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты уәкілетті органның лицензия және (немесе) лицензия қосымшаларын беруге жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысынан 720-кабинетте алады. Мемлекеттік қызметті алушыға шағым және өтінішті қарау нәтижелері жазбаша түрде хабарланады.

Портал арқылы өзінің «жеке кабинетінен» электрондық өтініш жібергеннен кейін мемлекеттік қызметті алушыға өтінішті мемлекеттік органда өңдеу барысында (табыс етілуі туралы белгі, тіркеу, орындау, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту) жаңартылып отырылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Уәкілетті органның жауабы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес беріледі.

26. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы қосымша ақпаратты Министрліктің www.minjust.kz интернет-ресурсында «Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету» бөлімнен алуға болады.

Сот-сараптама қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу және лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның толық аты-жөні, тегі, ЖСН деректемесі)

ӨТІНІШ

_____ (қызметтің түрі көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға

лицензия беруіңізді сұраймын.

Тұрғылықты жері _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____, сериясы

_____, № _____, _____ берген

берілген күні _____

Банк шоты (егер бар болса) _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

20__ жылғы _____

Өтініш 20__ жылғы _____ карауға қабылданды

(лицензиардың жауапты адамның қолы, аты-жөні)

Сот-сараптама қызметін

жүзеге асыруға лицензия беру,

қайта ресімдеу және лицензияның

телнұсқасын беру» мемлекеттік

қызмет стандартына

2-қосымша

(лицензиялау органының толық атауы)

(жеке тұлғаның толық аты-жөні)

ӨТІНІШ

қызметтің түрі көрсетілсін

_____ жүзеге асыруға лицензияны қайта ресімдеуді,

лицензияның телнұсқасын беруді сұраймын.

Қоса берілген құжаттар:

(қолы) _____ (аты, әкесінің аты, тегі) _____
 «__» _____ 20__ ж.
 Өтініш қарауға 20__ ж. «__» _____ қабылданды

(лицензиялау органы жауапты тұлғасының қолы, аты, әкесінің аты, тегі)
 Сот-сараптама қызметін
 жүзеге асыруға лицензия беру,
 қайта ресімдеу және лицензияның
 телнұсқасын беру» мемлекеттік
 қызмет стандартына
 3-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақытылылығы			
1.1. Қызметті құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде ұсыну %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қол жетімділік			
3.1. Қызметті ұсынудың сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызмет алушылардың %-ы (үлесі)			

